

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 278 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 27 маусымда № 9542 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 44 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2015 № 44 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап құнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 1-тармағы (39)-тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (А.Ә. Сәду):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі мемлекеттік тіркеуде;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауына жіберуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республики Төтенше жағдайлар министрлігіндегі ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап құнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр *В.Божко*
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігінде
2014 жылғы 9 маусымдағы
№ 278 бұйрығымен бекітілді

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері

1. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 12-бабының 1-тармағы 39)-тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын күтіп-ұстау және сақтау шарттары жөніндегі техникалық талаптарды қамтиды.

2. Тамақ өнімдері

1-параграф. Ұн мен түрлі жарма (МЕМСТ 26574, МЕМСТ 26791)

2. Ұн тарту мен жарма өнімдерін сақтау экологиялық, құрылыш, өрт қауіпсіздігі және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін қойма үй-жайларында, тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оның жолай ластану мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда жүзеге асырылады.

Қаптарды «үшбұрыштап» немесе «бесбұрыштап» тігісін ішіне қаратып қатар қояды. Жақсартылған желдетуді талап ететін ұн мен жарманы «төртбұрыштап» жатқызып қойған жөн. Бұл жағдайда бірінші қатардағы екі қапты қырынан шағын саңылаулармен бір–біріне қатарлас қояды; сол тәртіппен екінші қос қаптарды біріншінің үстіне салады, ал үшіншісін екіншісіне және тағы сол с и я қ т ы .

3. Жарылған, жыртылған, кеміргіштер зақымдаған қаптарды қатарға қоюға болмайды. Бұндай қаптардағы өнімдер басқа берік ыдысқа аударылуы тиіс.

4. Штабельдің төменгі қатардағы термоылғалдиффузия салдарынан тауардың дымқылдануын болдырмау үшін, едені бетон, асфальт және тас бөлмелерде ұн мен жармасы бар қаптарды биiktігі 10 см. кем емес құрғақ, тақтайдан жасалған, бір – біріне тығыз байланысқан стеллаждарда жатқызып қою қажет.

Кызу ылғалдылығының араласуынан қорқпауга болатын, едені тақтай бөлмелерде ұн мен жарманы стеллажсыз тұра еденге жатқызып қояды.

5. Өнімдерді топтарымен, түрімен және сұрыптарымен штабельге жатқызып қояды. Шығару мерзімі әр-түрлі немесе түрлі кәсіпорынан шыққан ұн мен

жарманы бір қатарға жатқызып қоюға болмайды. Қатар биіктігі өнімдердің түрі мен жай-күйіне және ауа температурасына (жыл кезеңіне) байланысты.

Неғұрлым сақтауға берік ұн мен жарманың басқа түрлерінің қатарлау биіктігі сәйкесінше 8 және 10 – 12 қатар. Штабель биіктігі «төртбұрыштап» төсөу кезінде алты қабаттан аспауды тиіс.

Көктемгі жаз мезгілінде қат – қабат биіктігін тағы бір – екі қабатқа азайтады. Өлшеп орамдалған өнімдерді металл, ағаш, сондай-ақ картон жәшіктерінде сақтайды.

6. Ұн мен жарма өткір іісі бар тауарлармен бірге сақтауға болмайды. Әрбір партиядағы ұн мен жарманың штабельдің заттаңбасы болуы тиіс, онда өнімнің атауы, сұрпы, шығару мезгілі, вагон мен жүккүжатының нөмірі, салмағы, орын саны, қоймаға түскен мезгілі мен мәліметі, сапалық күелігінде көрсеткен (дәмі, іісі, дымқылдығы) деректер болуы тиіс.

Штабельді тексергенде анықталған өнімнің сапалық өзгеруін штабель заттаңбасы на енгізеді.

Сақтау үдерісінде өнімдерді бақылау үшін керекті жағдай жасау және қоймаларды желдету, штабельдің арасында, сонымен қатар ғимараттың қабырғалары мен штабель арасында 0,7 м. өткел қалдырады. Көтеру-түсіру жұмыстарын жүргізу қажет орындарда қат-қабат арасында 1,25 м. арақашықтық қалдырады.

7. Ұн мен жарманы қысқы мезгілде ауа температурасы 8-12⁰ төмен емес, жазғы мезгілде 25-35⁰ жоғары емес ғимараттарда сақтайды. Ғимараттағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығын 60 – 75%

8. Ғимараттардағы керекті температураның ылғалдылық режимін жылышту (салқыннату) көмегімен және қоймаларды желдету, сонымен қатар ауаны кондиционерлік әдісі арқылы реттейді.

9. Көктемгі жазғы мезгілде қойманың температурасын төмендешту үшін желге қарсы барлық есіктер мен желкөздері, ал жел ық жағында тек желкөздері ашулы тиіс.

10. Қойма ішіндегі ылғал мен жылды ауаны сорып шығару үшін дефлектор немесе қойманың жоғарғы жағындағы ауа сорып шығатын тесіктер қолданылады. Дефлекторлар ысырмамен және су бұру үшін қабылдау науасымен жабдықталады.

11. Ұн мен жарманың түсін, дәмі мен іісін жылдың сүйк мезгілінде (олардың температурасы 5⁰ және төмен) кемінде айына 1 рет, жылды мезгілінде кемінде онкүндікте 1 рет анықтайды. Түсі өзгергенде, бөгде дәм мен ііс пайда болғанда желдету, сүйту, кептіруді қолдану қажет.

12. Өнімнің температурасын жылдың сүйк мезгілінде кемінде айына 1 рет, ал

жылы мезгілінде кемінде 2 рет өлшейді.

13. Үн мен жарманың ылғалдылығы мен қышқылдығын кемінде айна 1 рет анықтайды.

14. Сақтау мерзімдері:

- 1) бидай және қара бидай үны – 1 жыл;
- 2) қарақұмық жармасы – 15 ай;
- 3) күріш жармасы – 12 ай.

**2-параграф. Кептірілген қара бидай немесе бидай наны
(МЕМСТ 686)**

15. Кептірілген нандар дегеніміз сақтауға төзімді болу үшін кептірілген нан тілімі б о л ы п т а б ы л а д ы .

16. Кептірілген нандар үнның сұрыптына байланысты ерекше тартылған қара бидай үнинан жасалған қара бидай кептірілген наны, ерекше тартылған қара бидай – бидай үнинан жасалған немесе ерекше тартылған қара бидай және бидай үнның қосындысынан жасалған қара бидай – бидай кептірілген нандары, бірінші, екінші және ерекше тартылған бидай үнинан жасалған бидай кептірілген на ны б о л ы п б ө л і н е д і .

17. Кептірілген нандар жақсы желдетілетін, көгермеген, нан қорының зиянды жәндіктерін жұқтырмаған ғимаратта сақтауы тиіс.

18. Қапталған кептірілген нандар қоршаған ортаның келесі параметрлерімен сақталуы тиіс:

1) ауаның температурасы 25°C -тан жоғары емес (қысқа мерзімді 30 тәуліктен көп емес, температуралың жоғарлауы 45°C -қа дейін рұқсат етіледі);

2) герметикалық қаптамада ауаның біркелкі ылғалдылығы 90 % жоғары емес, герметикалық емес қаптамада – 75 % жоғары емес.

19. Қапталған кептірілген нандар стеллаждарға биіктігі 12 қатардан көп болмай қат – қабат төселиуі тиіс. Жылу көзінен, сутартқыш және кәріз құбырларынан арақашықтығы 1 м. кем болмауы тиіс. Әрбір екі қатардың арасынан 10 см. кем емес аралық қалдырады. Бөлек қат – қабат пен қат – қабаттардың және қабырғалардың арасында 70 см. кем емес өткел қалдырады.

20. Сақтау мерзімдері:

- 1) 8°C -тан 25°C температураныңда: қара бидай, қара бидай – бидай, ерекше тартылған – 24 ай; бірінші, екінші және ерекше тартылған үннан жасалған бидай – 12 ай.

2) 8° С-тан жоғары емес температурада: қара бидай – бидай, ерекше тартылған – 36 ай; бірінші, екінші және ерекше тартылған үннан жасалған бидай – 24 ай.

3-параграф. Ет және сұт консервілері (МЕМСТ 5284)

21. Ұзақ мерзімге сақтауға салатын консервілердің басты түрлерінің бірі жоғарғы және бірінші сортты «Бұқтырылған сиыр еті» болып табылады.

22. Ет консервілері мақсатына байланысты салқын түрінде қолданылатын басытқы және бірінші мен екінші тағамдарды дайындауға арналған түстік болып бөлінеді.

23. Суған немесе салқындатылған еттен өндірілген консервілер, неғұрлым жоғары сапалы болып табылады.

24. Сұт консервілері консервілеу тәсілдеріне байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

1) қантпен консервіленген – қантты бар қаймағы алынбаған қойытылған сұт;

2) қойытылған сұті және қантты бар какао мен табиғи кофе;

3) зарасыздандырумен консервіленген – зарасыздандырылған қойытылған сұт;
;

4) сорғытумен консервіленген – құрғақ қаймағы алынбаған сұт, қантпен және қантсыз құрғақ кілегей.

25. Консервілерді қаттау бекітілген жүктеме нормаларына және олардың негізінде штабельдағы орын санының толық санауды жүргізу мүмкіндігін, консервілер мен ыдыстарды сақтау қамтамасыздығын, штабельдің беріктігін, қойма аумағын барынша тиімді пайдалану және қабылдау қайтақарап дайындау жұмыстарын жүргізу үшін жағдай туғызуды, сапаны бақылау және вагондарды жіберу кезінде механикаландырылған жүк тиеуді қамтамасыз етуді қоса, алғандағы орналастырудың оңтайлы сызбанұсқасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

26. Консервілердің штабельге сапасы, ассортименті және сұрпы, бір типті бірдей өлшемді банкаларда және жәшіктерде өндіру уақыты (ет және балық консервілері үшін бір тоқсан және сұт консервілері үшін бір ай шамасында) және мөлшері кепілдік мерзімі бірдей, бір көлемдегі және бір ұзындықтағы түпқоймада бір немесе бірнеше вагон топтамасынан құрылады.

27. Тоңазытқыш төлесінің көлемін тиімді пайдалану мақсатында, бір тоқсанда өндірілген сұт консервілерін іріленген штабельде қаттау рұқсат етіледі.

Консервілерді зақымдалған жәшіктерде қаттауға рұқсат етілмейді.

28. Ақауланған банкілерді немесе талдау үшін ұлгілерді алу кезінде, жәшіктер міндетті түрде біртекті консервілермен толтырылуы, содан кейін

мүқият жабылуы (толтырылуы) және штабельдің жоғарғы қатарына салынуы тиис.

Әрбір қалыптастырылған штабельде белгіленген нысан бойынша, пакеттегі жәшіктерді қалау және пакеттерді штабельге орналастыру сыйбанұсқасы қосылған штабель заттаңбасы жасалады.

29. Құжаттарда бұл консервілер қапталған қойманың, секцияның және штабельдің нөмірін көрсету қажет.

Бекітілген оңтайлы сыйба нұсқаға сәйкес, консервілерді қаттауды оңайлату үшін, штабельдің орналасу және олардың ортасындағы өткелдің орындары алдын ала белгіледі.

30. Жүктеу нормаларына және қойманың түрлеріне байланысты, консервілер штабельге келесі ретпен төсөледі:

1) ет консервілері жылтылыштың қоймаларда ені 6-10 пакет, ал жылтылмайтын қоймаларда – 3-4 пакет ірілендірілген штабельге салынады;

2) балық және сүт консервілері қойманың құрылымымен түріне байланысты ені 3-4 пакет штабельге салынады.

31. Штабельдің ұзындығы орта бойлық өткелден қойма (жертөле) қабырғасы өткелге дейінгі арақашықтықпен анықталады.

32. Консервілердің сапалы сақталуын бақылау, ауаның жақсы айналымын және механизмдерді қолдану ыңғайлығын қамтамасыз ету үшін, қоймаларда консервілерді қатарлау кезінде келесі мөлшердегі өткелдер қалдырылады: жылтылыштың және жылтылмайтын қоймаларда қойма (бөлім) периметр бойынша қабырғадан немесе дөңес құрылымнан – ені 0,5 м.

33. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздік ережесіне сәйкес (бұдан әрі – Өрт қауіпсіздік ережесі), жол ені ең аз радиус электротиегіштің нақты аспалы құралымен айналуына байланысты белгіленеді.

Жылтылыштың қоймада ет консерваларының штабельдар арасында және балық консерваларының әрбір екі – үш штабель сайын және жылтылмайтын қоймада сүт консервілерін екі штабель сайын ені 0,5 м өткел қалдырады.

Тоңазытқыш камерасының төлесінде келесі мөлшерде шегерім қалдырады: қабырғадан, тіректен, қабырға жанындағы батареядан, сұытқыштан штабельға дейін 0,3 м, төбeden немесе төменгі арқалықтан штабельдің басына дейін 0,2 м.

Жол ені 0,6 м тең қабылданады.

Тауар штабелі және түпқоймалар салмақ түсетін қоймалардың конструкциясына сүйенбеуі тиіс.

34. Консервілердің тиеу – түсіру және ішкі қойма жұмыстары біріңгай технологиялық картасымен жүргізіледі.

Тиеу – түсіру жұмыстары сонымен қатар консервілерді ауыстыру және

дайындау кезінде, жәшіктерді соққыға, тұрткіге, лақтыруға жол бермеу, ыдысты
ұқыпты үстауды қамтамасыз ету қажет.
Сақтау мәрзімдері:
1) ет консервілері – 3 жыл;
2) сут консервілері – 1 жыл.

4-параграф. Қант **(МЕМСТ 31361, МЕМСТ 26907)**

Құмшекер – тағам өнімі, бөлек кристалл түріндегі сахароза, қант қызылшасы мен аршылмаған қантты өңдеу арқылы механикалық және физика – химиялық ж о л м е н а л ы н ғ а н .

Шақпақ қант – тағам өнімі, кесек, кристалл (тазартылған құмшекер мен шампанское сахарозасы) және ұнтақталған кристалл(тазартылған ұнтақ) тәріздес қосымша аршылған (тазартылған) қант.

37. Қантты сақтау үшін көбінесе жылытылатын, сонымен қатар жылытылмайтын техникалық жарамды, құрғақ, таза және жақсы желдететін қ о й м а л а р д ы қ о л д а н а д ы .

Жүктемес бұрын қойма ғимараты жөнделеді және қантты қабылдауға және сақтауға дайындалады. Сонымен қатар шатыр, еден, жылыту жүйесі жарамдылығын, жарықты, саңылауды уақытылы бітеуге, сондай – ақ есіктердің қиыстыруының тығыздығына ерекше көңіл бөлінеді.

Қантты қабылдау үшін қоймалардың дайындығын өкілетті және материалды жауапты тұлғалар тексереді, және акт жасалады.

38. Қоймаларды желдету кезінде қантты сақтауды қамтамасыз ету үшін есік орны қосымша қойылған тор есігімен жабылады. Желдеткіш саңылаулары торлармен жабдықталады. Қыс мезгіліндегі қантты сақтау өзірлігі кезінде жылытылмайтын қоймадағы желдеткіш саңылауларды, жылытылатын қоймадағы дефлекторларды жылытады және мұқият бітейді. Қардың кіруіне жол бермес үшін қойма жертөлелері қалқанмен жабдықталады.

39. Қоймаларда болуы тиіс:

- 1) технологиялық картамен қарастырылған, керекті құрал – саймандар мен жа б д ы қ т а р ;
- 2) температура – ылғалдылықты сақтау тәртібін(термометрлер, термографалар, гигрографалар және психрометрлер) тексеру құралы;
- 3) подтоварник, төсеу материалдары, баспалдақ және басқыш;
- 4) өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес, алғашқы өрт сөндіру үшін керекті құралдары, сондай – ақ автоматикалық күзет – өрт дабылдамасы;
- 5) алғашқы медициналық жәрдем көрсету құралдары.

40. Қойманың тазалығын сақтау үшін есік алдында төсеме, аяқ – киім мен киім тазалайтын қылشاқ және сыпырғыш болуы тиіс.

41. Өндірістік ғимараттың жарықтығы құрылымы нормасы мен ережесіне сай болуы тиіс, электр өткізгішті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 қаулысымен бекітілген Электр қондырғысы ережесі талабына сәйкес, орындалуы тиіс. Электр шамдар жабық немесе қорғаныпен орындалуы (

әйнек қақпағы) тиіс .

42. Қайта пайдалануға енгізілген қоймалар, жүктеу алдында жақсы кептірілген, тазартылған және жүктеуге дайын болуы тиіс.

Осы қоймаларға қантты жүктеу, қойманың салыстырмалы ауа ылғалдылығы 70 % жоғары емес болғанда жүргізілуі мүмкін.

43. Қойма айналасында, сақтау база аймағын жоспарлау қажет. Қоймадан үстіңгі қабаттағы суды бұру су ағызатын төсенішпен, арықтармен және жыралармен жүргізіледі. Су ағызатын төсеніш, арықтар және жыралар тазартылып тұрады және су ағып кетуін қамтамасыз ету жағдайында әрдайым

ұсталады .

44. Қант жанғыш өнімі болып табылады. Ауа мен қант қосындысы өрт қауіпті және жарылым қауіпті, тұнған шаң өрт қауіпті.

Капталған қантта сондай – ақ жанғыш өнімі, өйткені ыдыс – қап алдын ала жылусыз қысқа мерзімді жағу көзінің азғантай энергиясымен (сіріңке, ұшқын алауынан, қызған электр өткізгіштен т.б.) жануы мүмкін.

Қантты сақтау кезінде олардың үлкендігі мен мықтылығына және ұзақтық әрекетіне қарамастан, жағу көзінен сақтау қажет.

Ортті себезгілеп су шашу немесе ауа механикалық көбігі арқылы сөндіру

ке реек .

Ортті сөндіру құралдары әрдайым жарамды күйде және қолдануға дайын

болуы тиіс .

45. Қойма ғимараты тиісті нұскамалармен, плакаттармен, жазбалармен, көрсеткіштермен, қауіпті ескерту туралы жарық, дыбыс дабылдамасымен

жабдықталады .

46. Жүкті тасымалдауға арналған барлық жабдықтарда жұмыстың жайлышы мен қорғанысын қамтамасыз ететін құралдар, сондай – ақ олардың жүк көтергішінің, жарамды жағдайы және жүктің рұқсат етілген төсеуінің тексеріс жүргізілген мезгілі белгіленген трафареті болуы тиіс.

47. Сумен жылытылған қоймаларда ықтимал апаттарды болдырмау мақсатында жылытылатын құралдар тұрақты қоршаумен жабдықталады.

48. Қанттың сапалы сақталуын бақылау, ауаның жақсы айналымын, тиеу – түсіру және көлік – қойма жұмыстары мен өрттен қорғану ережесін сақтау мақсатында механизмдерді қолдану ыңғайлығын қамтамасыз ету үшін,

қоймаларда қантты қатарлап қою кезінде келесі мөлшердегі өткелдер қалдырылады:

периметр бойынша жылытылатын қоймада (секцияда) тіректен немесе жылытылатын батареядан және жылытылмайтын қоймада қабырғадан – ені 0,5 м, қат – қабат арасында – 0,5 м.

Жол ені ен аз радиус электротиегіштің нақты аспалы құралымен айналуына байланысты белгіленеді. Қойма ауданының қолдануын жақсарту үшін, негізгі қат – қабаттарды төсегеннен кейін, ені бір пакет қосымша төсеуді негізгі жол қат – қабат бойымен, 2,5 метрден кем емес өткізу жолын қалдыру қажет.

49. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, қант пен жоғарғы қатардағы қат-қабаттардың және қойманың жабынының немесе шамдардың арасында 0,5 метрден кем емес ара-қашықтық қалдырылады.

50. Қанттың сақталу мерзімі:

1) жылытылмайтын қоймада – 4 жыл;

2) жылытылатын қоймада – 8 жыл.

5-параграф. Өсімдік майы (МЕМСТ 1129)

51. Өсімдік майы әр түрлі өсімдіктердің дәндері мен жемістерінен өндіріледі: сығымдау және экстракция жолымен күнбағыс, мақта, соя, жержаңғақ, зығыр, үпілмәлік, рапс, қыша және т.б. Тағамдық мақсатта көбінесе сығымдаумен жасалған май қолданылады.

52. Өсімдік майы құрамына: резервуарлық парк, өнім сорғы станциясы, қую құйып алу эстакадасы, технологиялық өнім құбыры және таразы кіретін арнайы жабдықталған май шаруашылықтарында жайғастырылады.

53. Май шаруашылықтарының техникалық және санитарлық жабдықтары майды белгіленген уақытында қабылдау және жіберу, өнімді қабылдау, сақтау, жіберу және қотару кезінде толық сандық және сапалық сақталуы бойынша барлық операциялардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

54. Өсімдік майын сақтайтын ведомстволық бағынысты ұйымдарда қабылдау, сақтау және жіберу кезінде майдың жоғалуының алдын алу бойынша күнделікті шаралар өткізуі міндетті.

55. Май шаруашылығы үшін резервуарлық парктің, резервуарларға, сорғыларға, қую құйып алу тіреушелерге, төменгі құйылыстың қондырғыларына, өнім құбырларына және ысырмаларға меншіктелген нөмірлері белгіленген өнім сорғы эстакадасының коммуникациясының технологиялық сызбанұсқасы дағындалады.

56. Жабдықтардың әрбір элементіне майлы бояумен технологиялық

сызбанұсқаға сәйкестелетін рет саны жазылады:

1) майды қабылдау, сақтау және тиесінше барлық жұмыстардың тізімі, сондай-ақ майдың жүру жолындағы әрбір операциясы – ашылуға тиесінше барлық ысырмалардың нөмірлері толық көрсетілген технологиялық картада;

2) майды жылдыту кезіндегі барлық операциялардың тәртібі мен реттілігі толық баяндалған, қабылдау кезінде цистерналарда және тиесінде резервуарларда майды жылдыту сызбанұсқасы.

57. Коммуникацияның технологиялық сызбанұсқасы, маймен жұмыс жүргізу технологиялық картасы және оны жылдыту сызбанұсқасын ведомстволық бағынысты ұйымдар басшысы бекітеді және технологиялық сақтау участекінде істерінде сақталады. Коммуникацияның технологиялық сызбанұсқасы сорғы станцияларының және сақтау аумағының ғимараттарында ілінеді.

58. Әрбір резервуарға, тазарту ыдысына белгіленген тәртіппен өнімнің құю деңгейінің биіктігі бойынша көлемін анықтауға мүмкіндік беретін калибрлік кестелер жасалады. Резервуардағы өнімнің көлемін анықтау кезіндегі дәлдікті арттыру үшін, көртік бұрыштың деңгейімен өлшеу кезінде резервуардың түбіне өлшеу люгіне қарсы мөлшері 500x500 мм. жазық алаң орнатылуы тиесі.

59. Калибрлік кестені жасау кезінде резервуар түбінің конусының көлемі ескерілуі тиесі және майды жылдыту бойынша ішкі жабдықтар резервуардың көлемінен шығарылып тасталуы тиесі. Калибрлік кестелерді ведомстволық бағынысты ұйымдар басшылары бекітеді.

60. Резервуарларды калибрлеу кезінде сондай-ақ биіктік трафареті анықталады, яғни тігіне резервуардың түбіндегі алаңдан өлшеу люгінің жоғарғы кернеуіне дейінгі арақашықтық.

Биіктік трафаретінің шамасы резервуарды босату кезінде және ай сайын резервуардағы өнімнің мөлшерін анықтау кезінде тексеріледі.

Биіктік трафаретінің көрсеткіштері мен майдың құйылуының шекті биіктігі гидравликалық клапанның корпусына немесе жарық люгінің қақпағына бояумен жағылады.

61. Калибрлік кестелердің негізінде жүктеу есебі және жаз мезгіліндегі майдың ауқымды көбеюін есепке ала отырып, резервуарлардың май құйылуының шекті биіктігінің анықтамасы жасалады.

62. Май шаруашылығының периметрі мүмкіндігінше тікенекті сымнан жасалған дуалмен және күзет дабылышың құрылғыларымен қоршалады.

63. Апат жағдайына әрбір май шаруашылығында барынша көп сыйымдылықпен бір резервтік резервуар қалдырылады. Резервті резервуарға майды қотару алдында кіру люгі ашылады және резервуардың техникалық және санитарлық жағдайы тексеріледі, ол жөнінде қотару туралы актінде тиісті жазба жасалады. Пайдалану барысында резервуарлар оқтын-оқтын ауысып тұрулары

қ а ж е т .

64. Ведомстволық бағынысты ұйымдарда жергілікті жағдайларға байланысты апат салдарын жою үшін басшы бекітетін құрылғылардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, жылжымалы сорғының, құбырлардың, бөшкелердің және басқа да сыйымды ыдыстардың толық тізімі анықталады. Қосалқы құрылғылар резервуарлық паркте, сорғының және эстакаданың қасында сақталады. Ай сайын авариялық мүлік қорының сақталуы тексеріледі, ол жөнінде журналға тиісті белгі

қ о й ы л а д ы .

65. Пайдалану кезінде тыныс және сақтық клапандармен жабдықталған резервуарлар олардың аяқ кірмейтіндіктерін бақылау үшін, резервуарлардың астына қондырылатын мановакууметрлермен жасақталады.

66. Резервуарлық парктегі, сорғыдағы, эстакатадағы барлық ысырмалар, тесіктер, шүмектер пломбалануы және жабық күйінде тұруы тиіс. Резервуарлық паркте құбырлардың, ысырмалардың, фланецті қосылыстарына кіру және жарық люктерінің компенсаторлардың бұрандама жалғастыруларына, қаңылтырдан немесе брезент матадан қаптар кигізіледі және пломбаланады.

67. Резервуарларды құюға дайындау кезінде оның техникалық және санитарлық жағдайы тексеріледі.

68. Әр кез майды жаппай қабылдау немесе тиеу алдында барлық май шаруашылығының құрылыстарының техникалық және санитарлық жағдайының комиссиялық тексерісі жүргізіледі: сорғының, эстакаданың, құбырлардың, вагон таразысының, май жылдыту құрылғысының.

Құрылғыны ескі өнімнің қалдықтарынан жақсылап тазарту - өсімдік майының сапалы сақталуын қамтамасыз ету кепілі.

Тексерістердің нәтижелеріне актілер жасалады.

69. Май шаруашылықтарында қабылдау және жіберу кезінде майдың салмағын анықтау үшін вагон таразылары орнатылады.

Әр кез май құйылған цистернаны өлшеу алдында вагон таразыларының техникалық жағдайы тексеріледі. Цистерналарды таразылардың платформасына қадау, оларды бекіту және өлшеу ережесін қатаң сақтау қажет. Майды бұзылған таразыларда өлшеуге, сондай-ақ тексеру және таңбалау мерзімі өткен таразыларда өлшеуге рұқсат етілмейді.

70. Қызмет көрсетуші қызметкерлер май шаруашылық нысандарының орналасуын, құбырлардың сызбанұсқасын, барлық ысырмалардың орналасуын және олардың міндеттерін жақсы білулері тиіс.

71. Кемінде айна бір рет резервуарлық парктің сел, көріз жүйесіндегі тиек құрылғыларының жағдайы (сақпандардың, ысырмалардың) тексеріледі.

Топырақ жалдарынан тиек құрылғылары арқылы су жіберу, қызмет көрсетуші қызметкерлердің қадағалауымен жүргізіледі.

- 1) тазартылмаған өсімдік майы – 4 ай;
 2) тазартылған иісі жойылған өсімдік майы – 6 ай.

6-параграф. Сары май және жануар майлары (МЕМСТ 37, 25292)

73. Тауарлық атаулары бойынша сары май келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) тұзсыз, тұзды және ылғалдылықтың массалық үлесі 16 % -дан аспайтын
в о л о г о д т ы қ **с а р ы** **м а й** ;
 2) ылғалдылықтың массалық үлесі 20 % -дан аспайтын әуесқойлық сары май;
 3) ылғалдылықтың массалық үлесі 25 % -дан аспайтын сары май, шаруа;
 4) ылғалдылықтың массалық үлесі 35 % -дан аспайтын бутербродқа арналған
с а р ы **м а й** ;
 5) ылғалдылықтың массалық үлесі 1 % -дан аспайтын ерітілген май.

74. Жануар майлары алынатын шикізат пен өнім сапасына байланысты келесідей түрлер мен сорттарға бөлінеді: қой майы, сиыр майы, шошқа майы, сүйек майы, жоғарғы, төменгі сорттар және құранды майлар.

75. Сары майлар және жануарлар майы сұтылмайтын ғимараттарда плюс температураларда өзінің сапасын тез жоғалтатын, тез бұзылатын тауарларға **ж а т а д ы** .

76. Тез бұзылатын тауарларды саны және сапасы бойынша қабылдау қолданыстағы стандарттар, техникалық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

77. Тауарларды қабылдау, вагоннан алу кезінде қабылдаушының уәкілетті өкілдері темір жол өкілдерінің қатысуымен бірге вагондардың техникалық дұрыстыры, тығындылардың, бұрауыштардың жағдайы, пломбылардың сақталуы олардағы баспа-таңбалардың анықтылығы, жолдама құжаттарда көрсетілген номерлердің вагон номерімен сәйкестігі, тасымалдау кезіндегі температуралық тәртібін сақтау (журнал бойынша) вагондардың белгіленген жүріс мерзімі **мұқият** **т е к с е р і л е д і** .

78. Пломбыларды алғаннан және вагондарды түсіргеннен кейін салынған нәрсе мен жүктің жағдайы, мұздану деңгейі сыртқы жағдайы мен тауардың температурасын **өлшеу** **арқылы** **анықталады**.

Майдың температурасы термометрмен өлшенеді.

Монолиттегі майдың температурасы 6-8 см терендікте өлшенеді. Май пакетtelген күйінде келсе, оның температурасы тексерілген пакеттерден алынған жәшіктермен өлшенеді. Қабылданатын құжатқа температураның орташа арифметикалық **мәні** **енгізіледі**.

79. Тексеріс кезіндегі анықталған вагондардағы техникалық бұзылулар

немесе пломбаның жоқ болуы, баспа-таңбаларының анық еместігі, аралықтағы станциялардың пломбасы болуы, жүкті тасымалдаудың техникалық, санитарлық тәртіптерінің және вагондардың белгіленген жүріс мерзімі бұзылуы жалпы формадағы акті бойынша рәсімделеді.

80. Егер жүктің жеткіліксіздігі анықталса, коммерциялық және қабылдау актілеріндегі «ерекше бағана» жолында міндетті тәртіпте пломбыда бар бақылаушы белгілердің нөмірлері көрсетіледі.

81. Қалыпты қозғалмаған ыдыста анық таңбаламасы бар сары майлар және жануарлар майы орын санын санау және траферет бойынша массасын анықтау арқылы қабылданады және жіберіледі.

82. Сары май 6°C минус және одан төмен температурамен тоқазытқышқа келіп түскенде ол тоқазытқыштық өндөу жасалатын сақтау камерасына бағытталады.

83. Сары майлар және жануарлар майын қоймалау дұрыс формадағы орнықты, нығыз қатарларға алдын ала ойластырылған орналастыру схемасы бойынша жүргізуі керек. Қатарлар тірек немесе түпқоймаға тауарлардың сақталуын қамтамасыз етіп, қатарлардың орнықтылығын, тоқазытқыш сұйықтығын тиімді пайдалану және қабылдауын, беру жұмыстарының жүргізуіне жағдай жасауды, сапанды бақылауды есепке ала отырып, орналастырылады.

84. Сары майлар және жануарлар майы вагон париялары бойынша қатар қатар орналастырылады. Жәшіктегі сары майлар және жануарлар майы пакеттер арасына еш бір бос орын қалдырылмай қатар-қатар орналастырылады. Май пакетtelмен түрінде түссе, оны вагоннан стандартты түпқоймаға түсіру кезінде пакетке салады. Бұл жағдайда жәшіктер траферетісіртқа қаратылған түрінде орналастырылады. Қатарлардың биіктігін ыдыс беріктігі және жабуға рұқсат етілген жүк көлемін ескере отырып, камераға максималды жүк көлемін енгізу арқылы анықтайды.

Ерітілген май және жануарлар майы салынған бөшкені көлденеңнен қатар-қатар қояды. Кертіктің сынуының алдын алу үшін бөшкелердің арасына ағаш тақтайшалар қойылады. Устіңгі қабаттағы бөшкелерді тік қалыпта орналастыру мүмкін болмаған жағдайда көлденең қоюға рұқсат етіледі.

85. Тоқазытқыштарды сақтау орнында тауарлардың қатары мынадай шегініспен орналастырылады:

1) сұытылатын құралдары жоққабырғадан, сұытатын қабырға аспаптарынан – 0, , 3 м ;

2) сұытатын құралдары жоқ болғанда төбеден – 0,2 м;

3) сұытатын аспаптары жоқ төбеден – 0,3 м;

4) ауа өткізгіштің төменгі қабатынан – 0,3 м;

86. Экраны жоқ колоннаға және қабырғаға жүктөрді орналастыру жүқа

тақтайшаларды колона мен қабырға бойына орнату арқылы (тігінен) жүзеге асырылады.

87. Шамдар өтетін жолда және қабырға бойында болуы тиіс және тоңазытқышты сақтайтын орынның жүк көлемін азайтпауы керек. Жұмысқа ыңғайлы болу үшін прожекторлы шамдар қолдануға болады.

Төбе тегіс болған жағдайда шамдар ілулі түрғандағы биіктігінен 0,15 м, төбе жабынан қатарға дейін 0,3 м.

88. Май тасымалдау пакеттерімен түскен жағдайда оны тоңазытқыш камерасында сақтау мерзімі жүктің көлеміне тәуелсіз жабындының беріктігіне байланысты. Өнімнің төрт калонна арасындағы еден аумағына қойылатын жүк салмағы жобалы пайдалы жүктеменің 1 кв.м. аспайтындағы есеппен қойылуы керек. Егер де рұқсат етілген салмақта аталған аумақты жабу үшін бірдей пакеттерді биіктігі бойынша қоюға мүмкіндік болмаса, ортаға оның қалғандары тік қатармен 1 пакетке кем қойылады. Пакет саны аз тік қатардың саны есептесмен анықталады.

89. Тоңазытқыштар қондырғыларында майды сақтау орнындағы аяға температурасы 18°F болып сақталуы керек.

90. Ерітілген майлар сақтау орнында минус 5°F не одан төмен аяға температурасында сақталуы керек.

91. Тоңазытылған етті сақтау кезінде тоңазытқыш камераларында салыстырмалы аяға ылғалдылығы 95 – 98%, мұздатқыш экрандармен жабдықталған сақтау орнында 100%-ға жуық, майлар 85 – 90% аяға ылғалдылықта сақталуы керек.

92. Майды өзіндік иісі бар басқа бір тауармен бірге сақтауға рұқсат етілмейді. Әрбір тауарға (май, жануарлар майы) бөлек сақтау орнын бөлу қажет.

93. Әрбір тауар топтамасына төмендегілер көрсетілген қатарлар заттаңбасы жасалады: топтама нөмірі, тауар түрі, жеткізушінің аты, орын саны, салмағы және жасалған күні. Қабылдау, сақтау, түсіру кезінде тауардың сапасы да қаралады. Аталған зат таңбаға тауарды орналастыру схемасы қоса беріледі.

94. Сақтау мерзімі:
1) сары май – 12 ай;

2) жануар майы - 12 ай.

7-параграф. Шай (МЕМСТ 1938)

95. Шай арнаулы өндеуден өткен шай ағашы өсімдігінің жапырақтары түрінде болады.

96. Жоғары сортты шайды өндіру үшін 2-3 жапырақтан және үстіңгі

жарылмаған бұршіктерден тұратын флештер қолданылады.

97. Дайын шайдың құрамында шай сапасына әсер ететін органикалық және органикалық емес заттар кіреді. Олардың ең маңыздысына илеуіш заттар, кофеин, эфир майы, азотты және минералды қосындылар, көмірсулар, витаминдер жа та ды .

98. Шайды сақтау үшін көгеріп кетпеген, нан қорының зиянкестері және басқа да бөтен істері жоқ, жылтырылған, сондай-ақ жылтырылмаған техникалық жарамды, құрғақ, таза және жақсы желдетілетін қоймалар пайдаланылады.

99. Тауарды кіргізер алдында қойма ғимараттары жөндеуден өткен және шайды қабылдау мен сақтауға дайын болуы керек. Төбе жабындысы, едені, жарылулар, саңылаулардың уақытылы жөнделуі, есік тықсырындағы жабылу тығыздығына аса назар аударылады.

100. Шайды қабылдауға қоймалардың дайындығын үәкілетті, материалдық-жауапты тұлғалар тексереді, акт жасалады.

101. Қоймаларды желдету кезінде шайдың сақталуын қамтамасыз ету үшін қосымша торлы есіктер ілінеді, ал желдетілетін жерлерге торлар орнатылады. Жылу берілмейтін қоймаларда желдеткіш саңылаулар қыскы кезеңге дайындық кезінде жақсылап жабылады және жылтырылады.

102. Қоймалар мыналармен қамтамасыз етілуі қажет:

- 1) көрсетілген қажетті заттармен және жабдықтармен;
- 2) технологиялық картадағы қосымшаларда;

3) температура-ылғалдылық сақтау тәртібін бақылайтын құралдармен (термометрлер, термографтар, гигрографтар, психрометрлер);

4) тауар қойыштармен, баспалдақтармен, басқыштармен;

5) қолданыстағы нормаларға сәйкес қажетті өрт сөндіру құралдары және автоматты күзету-өрт сөндіру дабылқаққышы;

103. Қоймаларда тазалықты сақтау үшін кіріс алдында төсеніштер, щеткалар, аяқ киім мен киімді тазалауға арналған сыпырыштар болуы қажет.

104. Шай кез келген өртке қарсы деңгейдегі қоймаларда сақталады.

105. Фанера жәшігіне немесе картоннан жасалған жәшіктегі оралған шайлар тез жанғыш болып саналады.

Сақтау кезінде шайды жанғыш заттардан сақтау қажет. Жанған немесе өрт орын алған жағдайда су немесе аяа-механикалық көбіртікті қолдану керек. Өрт сөндіру құралдары үнемі дұрыс және даярлық күйінде болады.

106. Шайды қоймалау қатар бойынша дұрыс тікбұрышты формада орнықты тұруын қамтамасыз етіп, саны мен сапасын сақтап, түсіру-салу жұмыстарында қажетті жағдайлар жасалып және сақтау кезінде сапасын бақылап, қойма ауданын дұрыс қолдана отырып, жасалады. Түсіру кезінде сорттардың ауысып кетуін болдырмау үшін шайды өнімнің түрлері, сорты, өлшеп оралуы бойынша

ж е к е

ж е к е

қ о ю

к е р е к .

Шайдың қатары шығару мерзімі бірдей (бір тоқсан аралығында), бірдей кепілденген сақтау мерзімімен, тауар қойғышта бірдей өлшемі және биіктігі бар бір немесе бірнеше топтамадан тұрады.

Шай салынған жәшіктер асфальтты едені бар қоймаларда еденин 25-30 см биіктікте және ағаш едені бар қоймаларда еденин 15 см кем емесбіектікте, сонымен қоса көп қабатты қоймаларда, 2-інші қабаттан бастап құрғақ, таза тауар қ о й ғ ы ш т а р ғ а қ о й ы л а д ы .

Шай салынған жәшіктер арасына 0,5 м кем болмайтын, құрылымдары және қатарлар арасында 0,5 м кем болмайтын орын қалдырылады.

Әрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шай қатарларының жоғарғы жағы мен электр желілері және шамдардың арасы 0,5 м кем болмауы керек.

107. Шай сапасының сақталуын бақылау үшін ауа айналымын қамтамасыз ету және шайды қоймаларда қою кезіндегі механизмдерге қолайлы болу үшін өрт қауіпсіздігі Ережесінің талаптарына сәйкес қабырға бойымен ұзынынан және көлденеңнен өтетін жер қалдырылады.

108. Жаңбырлы және қарлы ауа райында шайды жүктеу және түсіру жұмыстары шай салынған жәшіктерді ылғалдан қорғайтын жаппаның астында (төбесі жабық жерде) жасалады. Сонымен қатар жүктеу-түсіру жұмыстары жүргізілетін есіктің қасында орналасқан қатарлар су өтпейтін қалың кенеппен ж а б ы л а д ы .

109. Әрбір шай қатарына орналастырылғаннан кейін белгіленген тәртіп бойынша қатарларға тағылатын қатар заттаңбасы жасалады. Қатар заттаңбасына шайдың түрлері, сұрыпты, өлшеп оралуы бойынша орналастыру схемасы қойылады. Қатар заттаңбасы шайды қабылдау кезінде жабдықтаушы берген қабылдау актісі, жолдама құжаттары және өнім сапасына лабораториялық тексеріс нәтижесі негізінде толтырылады.

110. Жүктеу-түсіру және көлік, қойма жұмыстары бекітілген технологияны қатаң сақтап жүргізіледі.

Жүктеу-түсіру және қойма ішіндегі жұмыстарды орындау кезінде ыдыспен абайлаш жұмыс істеуді қамтамасыз ету қажет.

111. Шайдың көгеруі мен дәмінің жойылуына әкелетін сапасының төмендеуі және бұзылуының негізгі себебі – ылғалдылық. Сондықтан шайды сақтау кезінде ылғалдың артуына жол берілмейді.

Шайды сақтау кезінде қоймалардағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 70 % аспауы к е р е к .

112. Сақтау кезінде шай сапасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында органолептикалық көрсеткіші мен ылғалдылық мөлшері, сонымен қоса тауар мен ыдыстың сыртқы жағдайы бойынша жүйелі тексеру және үнемі бақылау

ж а с а л а д ы .

Шай сапасын тексеру жиілігі қойма ғимаратының үлгісіне полиэтилен-терефталатты ламинатты жабындылардан шайдың қапшық қойғыштарына арналған тақтайша жәшіктердің ішкі төсенішіне байланысты:

1) жылу берілетін қоймаларда сапаны тексеру сыртқы тексеріс кезінде сапа белгілері анықталса ғана жүргізіледі;

2) жылу берілмейтін қоймаларда сақталғанда сапаны тексеру жазғы сақтауға аудысым уақытында және беру кезінде жүргізіледі.

3) полиэтилен-терефталатты ламинатты жабындылардан шайдың қапшық қойғыштарына арналған тақтайша жәшіктердегі импортталған шай (жоғары, бірінші, екінші сортты), нөмірлі отандық және жоғары сұрыпты шайлар 12 мен 18 айдан кейін және жіберілгенде тексеріледі.

113. Ілғалдылығы жоғары шай анықталса, қойманы жіті желдеткізеді. Қажет болса қалыпты ылғалдылықты сақтау мақсатында шайды шахмат реті бойынша
қ о я д ы .

114. Шайды сақтау кезінде айна бір рет қойма ғимараты мұқият тазартылады. Жүйелі түрде қабырға, төбе, есік, баспалдақ, аралық, бағаналарды тазаланады. Шай сақталған қоймалардың едендерін жууға болмайды.

115. Қабылдау, жіберу, шай салынған жәшіктерді қайта қою жұмыстары кезіндегі әрбір атқарылған жұмыстан кейін қойма жиналуы және сыптырулы керек. Сынған немесе біраз шытынаған жәшіктер анықталса, жөнделуі қажет.

116. Шайдың саны бойынша сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бір жыл ішінде олардың бар екендігі туралы бақылау тексерістері (қайта санау, салыстыра тексеру т.б.) жүргізіледі.

117. Шайдың сақтау мерзімі - 2 жыл.

8-параграф. Макарон өнімдері (МЕМСТ 875)

118. Макарон өнімдері – тұтікше (макарон, тұтік кеспе), жіп тәріздес (жіңішке жұмыр кеспе), лента (лапша) немесе түрлі пішіндегі кептірілген бидай қамыры.

119. Макарон өнімдерін сақтауға арналған ғимарат таза, құрғақ, жақсы желдетілген, нан қорларының зиянкестері жоқ, атмосфералық жауын шашыннан сақтауы тиіс. Макарон өнімдерін өзіндік иісі бар тауарлармен бірге сақтауға болмайды.

120. Макарон өнімдері салынған жәшіктер мен қаптар қойма ғимараттарының сөрелері мен тұғырлықтарда сақталуы керек.

121. Қойма еденіне макарон өнімдерін қояр алдында (тұғырлықта сақтау кезінде) өтетін жол мен қатарларға орналастыру үшін міндетті түрде өлшеп

б е л г і л е н е д і .

Макарон өнімдерінің қатарлары шығарылған мерзімі (тоқсаны) мен жеткізуші-өндіруші бойынша құрылады. Макарон өнімдерін бір өнідірушіден алғанда қатарларды түрлері, сұрыпты және тауар сыныптамасы бойынша бір немесе бірнеше вагон топтамасынан құруға болады.

Қатарлардың ені, ұзындығы және биіктігі қойманың ерекшелігінен, сонымен қоса макарон салынатын ыдыстың жағдайына (орнықтылығы) байланысты анықталады, бірақ гофрирлі картоннан жасалған жәшіктерде – 6 қатардан көп емес, қағаз қаптарға – 7 қатардан (биіктігі бойынша) көп емес болуы керек.

122. Макарон өнімдерін қабылдау және жіберу, саны мен сапасының сақталуын бақылау, сонымен қоса өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында қоймаларға қою кезінде келесідей өтетін жолдарды қалдыру керек: қойма периметрі бойынша 0,5-0,7 м, қатарлар арасында 0,4-0,5 м.

123. Макарон өнімдерін ұзак уақытқа сақтау кезінде сапасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қоймадағы салыстырмалы ылғалдылық 70%, ал температура 30 °С аспау керек.

124. Макарон өнімдерінің өндірілген күннен бастап сақтау мерзімі:
- 1) қоспасыз – 1 жыл;
 - 2) сұтті, ірімшікті, жұмыртқа қосылғаны - 5 ай;
 - 3) томатты - 3 ай.

9-параграф. Тұз (МЕМСТ 13830)

125. Ас тұзы құргақ, техникалық ақаусыз немесе ерекше жағдайда арнайы дайындалған ашық аландарда сақталады.

126. Ұзак уақытқа сақтаушы кәсіпорындарда тұз үйіліп тиеледі және жылдытылмайтын қоймада сақталады. Асфальтты едендер қалындығы 3-4мм тақтайшадан жасалған түгелдей төсенішпен жабылады. Ағаш еденді қоймаларда қосымша тақтайша төсенішінсіз сақталады. Қоймалардағы бағаналар табанынан биіктігі 0,5м тақтай қалқандарымен қоршалады. Қойма периметрі бойынша қабырғадан 1,0м арақашықтықта биіктігі 1,0-1,2 мағаш қалқандары орнатылады.

127. Ас тұзын қойма ғимараттарына қоймас бұрын осы өнімді сақтауға арналған қойма бөтен заттардан, қоқыстан, шаңнан тазартылып және қабылдауға дайын болуы қажет. Тұз тұратын қоймалар мен аландар жанында иісті материалдар, сонымен қоса құрылыш заттарының қалдығы немесе тез жаныш заттарды сақтауға қатаң тыйым салынады.

128. Ідисқа салынбаған тұз өлшеу және қорытынды өлшеуге немесе санауға ыңғайлы төртбұрышты пирамида, параллелепит немесе басқа формадағы

төмпешік күйінде сақталады. Тұз төмпешігінің үсті және сырты тегістеледі. Қоймалардағы тұз төмпешігінің биіктігі рұқсат етілген жүктемеден еден аумағының 1мІ байланысты. Тұздың үстінгі қабаты және төбеде немесе шатырдың арасында 0,5 м аралық қалуы керек. Тұздың кірленуінен, көк басуынан және нығыздалуынан сақтау үшін қоймалардағы төмпешіктің үстін тұзға өзара әрекеттеспейтін және иіссіз жабатын материалдармен жабу қажет.

Сақтау кезінде төмпешіктің үстінде тұзды кірден қорғайтын жабынды пайда болады. Қораптағы, жәшікке салынған және т.б. тұздар тек жабық қойма ғимарттарында сақталады. Бұндай тұз тікбұрышты орнықты қатарларға биіктігі 15-20 см тауар төсемелеріне қойылады.

Кораптағы тұз қатарларының ені, ұзындығы, биіктігі қойма ерекшелігіне байланысты, сонымен қоса ыдыстың жай-күйіне(орнықтылығына) байланысты.

Ідисқа салынған тұздың көгеруінің алдын алу үшін қатарларға қою кезінде қойма периметрі бойынша 0,5-0,7 м, ал қатарлар арасында 0,4-0,5 мөтетін жол қалдыру көрек.

129. Әрбір сортты және тартылған тұздар бөлек қойылады. Түрлі сұрыпты және тартылған тұздарды жазбасыз қоюға рұқсат етілмейді. Әрбір тұз топтамасына қатарына орналастырылғаннан кейін қатарларға тағылатын қатар заттаңбасы жасалып қатарға немесе тұз төмпешігіне ілінеді, санын анықтайтын тиісті есебімен орналастыру схемасы қойылады.

130. Тұзды сақтау кезінде қойма ғимараттарында салыстырмалы ауа ылғалдылығын сақтау ауа температурасының шұғыл өзгерісі болмаған жағдайда ыдысқа салынбаған тұз үшін - 70%, қорапқа салынған тұз үшін - 75%.

Тұзды сақтаудағы қажетті температуралық – ылғалдылық тәртібін сақтау қолайлы климаттық жағдайдағы көктем – жаз кезеңдерінде сыртқы және қойма ауасының ылғалдылығын есепке ала отырып желдету арқылы жүзеге асады.

10-параграф. Дәмдеуіштер (МЕМСТ 28750)

131. Дәмдеуіштерге: лавр жапырағы, бұрыш, қыша, ваниль, даршын, қалампир жатады.

132. Дәмдеуіштерді құрғақ, таза, жақсы желдетілетін, зиянкестермен заарланбаған, температурасы 20 °C жоғары емес және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 75 % аспайтын қойма ғимараттарында сақтайды.

Сақтау кезінде дәмдеуіштер салынған жәшіктер биіктігі бойынша сегіз жәшіктен аспайтын сөрелерге және тұғырлықтарға қатар қатар қойылады. Қатарлар арасы, сонымен қоса қатарлар және қабыргалар арасы 0,7 м аз болмауы тиис.

1) дәмдеуіштерді су құбыры мен көріз құбыры, жылытатын құралдар жаңына
қоюға болжайды;

2) қойма ғимараттарын дымқыл күні және бірден жаңбырдан кейін желдетуге
болжайды;

3) дәмдеуіштерді химикаттармен және өткір істі аңқитын азық-тұлік немесе
материалдармен бірге сақтауға болмайды.

Дәмдеуіштердің сақтау мерзімі аталған түрдегі өнімге берілетін
нормативті-техникалық құжаттарда қарастырылады.

11-параграф. Томат пастасы (МЕМСТ 3343)

134. Томат пастасын жаңа піскен қызанақтан немесе тұз және дәмдеуіштер
қосылған қызанақ массасынан жасайды, халық шаруашылығы және экспортқа
өндірілетін өнімнің талаптары белгіленеді.

135. Бөшкеде тұздалған томат пастасын 80% аспайтын салыстырмалы ауа
ылғалдылығында сақтайды.

136. Томат пастасын полимер материалынан жасалған ыдыста 0-ден 8°C
температуранда сақтайды

Томат пастасын контейнер-цистерналарда минус 10°C төмен болмайтын
температурада сақтауға рұқсат етіледі.

137. Шығарған күннен бастап концентратты томат өнімінің сақтау мерзімі:
1) шыны ыдыста - 3 жыл;
2) металланкада, бөшкелерде, «қораптағы қап» сияқты полимерлі ыдыстарда
контейнер-цистерналарда - 1 жыл;
3) алюминий ыдыста - 6 ай;
4) полимер материалдарынан жасалған ыдыста - 10 күн.

12-параграф. Сірке сүы (МЕМСТ Р 52101)

138. Сірке сүы – биохимиялық әдіспен тамақ шикізатынан, жүзім және
жемісті шарок материалдарынан тұратын ректификатталған этил спиртті,
азық-тұлік мақсатына арналған тамақ шикізатынан ректификатталған этил
спирттің бас фракциясын сірке бактерияларымен аэробты қышқылдату арқылы
өндіріледі.

139. Тамақ шикізатынан жасалған сірке сүын барлық түрдегі жабық көлік
құралдарында әрбір көліктегі қолданатын азық-тұлік жүктерін тасымалдау

ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

140. Тамақ шикізатынан жасалған сірке сұзы орамадағы күйінде таза, желдетілетін ғимаратта сақталады және күн сәулесі өсерінен қорғау керек.

Сірке сұзын қоймаларда сақтау кезінде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%, температурасы 3 °C -тен 35 °C жылы болуы керек.

6 %-дан - 9 %-ға сірке сұзының қату температурасы - минус 2 С - минус 3 °C дейін. Сірке сұзының қатуы және қайта жібуй оның сапасына өсер етпейді.

141. Спиртті, спиртті іістендірілген сірке сұзының сақтау мерзімі – 12 ай, алмадан және жүзімнен жасалған – 6 ай, консерванттар қосылса – 12 ай.

142. Өндіруші сірке сұзының сапасын сақтау шарттарын орындаі отырып басқа сақтау мерзімін қоюына болады.

13-параграф. Кептірілген картоп (МЕМСТ 28432)

143. Кептірілген картоп – алдын ала дайындалған, буланған және кептірілген картоп. Кептірілген картопты ұсактап және брикеттеп шығарады. Сапа көрсеткіштеріне байланысты кептірілген картоптың үш сұрыптын шығарады:
жоғарғы, бірінші және екінші.

144. Кептірілген картопты 0 - 10° температурада және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 75% -дан жоғары болмайтын құрғақ, салқын ғимаратта сақтау керек. Бұдан жоғары температурада өнім қарайып, витаминдері бұзылады және зиянкестер пайда болады. Жәндіктермен күресу үшін сұық түсі бастағанда қоймадағы температуралы барынша төмендету керек.

145. Кептірілген көкөністер салынған жәшіктер, қораптар, қаптарды тауар қойышқа және қатарларға түрлері, тауар сұрыптары, орама түрлері бойынша қою қажет. Өнімді қораптарға және қаптарға салу кезінде қатарлардың биіктігі 5-6 қатардан, жәшіктердің биіктігі 10-15 қатардан аспауы керек. Қатарлар арасына ені 2-3 см тақтайшалар қойылады. Кептірілген көкөністер бөтен иістерді сініруі мүмкін, сондықтан оларды өткір иісті тауарлармен бірге қоюға болмайды.

146. Өндірілген мерзімнен бастап ауа кірмейтін ыдыстағы кептірілген картопты сақтау мерзімі – 5 жыл, ауа кіретін ыдыста – 3 жыл.

14-тарау. Кептірілген көкөністер (МЕМСТ 13342)

147. Кептірілген көкөністерге алдын ала дайындалған және кептіру аппараттарында кептірілген көкөністер жатады.

148. Кептірілген көкөністерді 0 - 10° температурада және салыстырмалы ауа

ылғалдылығы 75% -дан жоғары болмайтын құрғақ салқын ғимаратта сақтау керек. Бұдан жоғары температурда өнім қарайып, витаминдері бұзылады және зиянкестер пайда болады. Жәндіктермен құресу үшін сұық түсे бастағанда қоймадағы температуралы барынша төмендету керек.

149. Кептірілген көкөністер қойылған жәшіктер, қораптар, қаптарды тауар қойғышқа және қатарларға түрлері, тауар сұрыптары, орама түрлері бойынша қою қажет. Өнімді қораптарға және қаптарға қою кезінде қатарлардың биіктігі 5-6 қатардан, жәшіктердің биіктігі 10-15 қатардан аспауы керек. Қатарлар арасына ені 2-3 см тақтайшалар қойылады.

150. Кептірілген көкөністер бөтен иістерді сіңіруі мүмкін, сондықтан оларды өткір иісті тауарлармен бірге қоюға болмайды.

3. Өнеркәсіп тауарлары

1-параграф. Автокөлік шиналары (МЕМСТ5513)

151. Автокөлік шиналары қолданылатын мақсатына байланысты жеңіл автокөлікке, жүк автокөліктегіне, автотіркеске, троллейбуске және автобусқа арналған шиналар болып бөлінеді.

152. Шина жиынтығы тысы, камерасы және құрсау лентадан тұрады.

153. Тысы – күшті тікелей қабылдайтын, пайдалану кезінде жұмыс істейтін тор тәрізді қабық. Тыстың негізгі бөліктері каркас, брекер қабаттары, протектор, борттар мен бүйір бөліктері.

154. Камера – бұрандалары бар шеңбер тәрізді ауа өткізетін резенке орама. Ол шина ішкі тысына ауаны сақтап, шинаға серіппелі қасиет береді.

155. Құрсау лента – камераның бұрандалары өтетін саңылауы бар, дөңгелек тәріздес профилді қималы резенке лента. Ол камераны дөңгелектің шеңберіне үйкелуінен және монтаж кезінде шинаның шеңберге зақым келтіруінен қорғайды .

156. Шиналар бірінші және екінші дәрежелі отқа төзімді табиги немесе жасанды желдетілетін техникалық жарамды жылдытылмайтын тас қоймаларда сақталады .

157. Көрші бөлімдерде шиналарға сияқты бір текті өрт сөндіргіш құралдар (су, көпіршік) қолданылатын тауарлар мен материалдар орналасуы қажет. Қоймаларда ішінен жабылатын жел өтетін саңылаулары бар желдету үшін торлы есіктермен жабдықталуы керек.

158. Тиеуді бастамас бұрын қойма ғимараттары жөндеуден өтуі және шинаны қабылдауға даяр болуы қажет. Төбе, еден, есіктің қызықсан жерлерінің

дұрыстығына баса назар аударылады.

Қоймада терезе болған жағдайда ішкі жақтағы шынылар өнімге күн сәулесінің тікелей түсуінен қорғау үшін сары түске боялуы керек.

159. Қоймаларды жарықтандыру қорғанып қолданатын (шыны қақпақтармен) электр шамдарын қолдану арқылы орындалуы тиіс. Қоймаларды жарықтандандыру деңгейі қолданыстағы ережеге сәйкес келуі керек. Люминесцентті шамдармен шырағдандарды қолдануға рұқсат етілмейді.

160. Электр желілерін оқшаулау электр желілерінің түрлеріне тәуелсіз 500 в төмен болмайтын кернеуге шақталуы керек. Электр желілерін қосу және ажырату жерлерінде айыру қораптары қолданылуы қажет.

Қойма бөлімдерінде орналасқан барлық тоқ қабылдағыштар жұмыс кезінен тыс уақытта сыртқы жақтан өшірілуі, ал электр тұстамалары пломбалануы керек.

161. Шиналарды сақтауға арналған қойма бөлімдері құрылыш нормаларына сәйкес автоматты өрт-қорғағыш дабылқаққыштары, сонымен қоса найзагайға қарсы құрылғылармен жабдықталуы қажет.

Өрт сөндіргіш ыдыстар мен алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі қажет.

Сақтау қоймаларының аумағы, қоймалардың айналасын жүйелі түрде және уақтында шөп пен қоқыстан тазалануы керек. Шабылған шөптерді бірден алып отыру қажет.

Шиналар қойылған қоймаларда ашық отты қолдануға және от үшқының жасауға түйым салынады.

162. Шиналармен жұмыс жасау үшін техникалық жарамды электр тиегіштері қолданылуы керек. Қоймаларда іштен жанатын қозғалтқышты электр тиегіштерді және ашық орындалатын электр моторлары бар құрылғыларды қолдануға түйым салынады.

163. Байланыс және дабылқаққыш жүйелері, су құбырлары жүйесі және су қоймалары үнемі техникалық жарамды күйде болуы керек.

164. Қоймалардың қабылдауға даярлығың өкілетті және материалды-жауапты тұлғалар тексереді, акт жасалады.

165. Шиналарды қою үшін металл стеллаж пайдаланылады. Стеллаж ні 12 см аспайтын сөреге 20° бұрышта орналасқан тегіс ағаш тіреуіштерімен жабдықталады.

Стеллаждағы қабаттар саны шина көлемімен және қойма биіктігімен анықталады.

Өрт қауіпсіздігі ережесіне сәйкес стеллаждар аралығында өтетін жолдың бірі бөлім (қойма) ортасында сөрелермен жабдықталмайды және шиналармен тиелмейді.

Шиналар тік күйінде тысы ішінде, үрленген және тальктелген камерасымен металл стеллаждардан және металл жылжымалы сөрелерде орналастырылады.

Құрсау лента қораптарын, қорапты габариті үлкен тыстардың борттарының төменгі жағына қойып, шиналар пакеттерінің ішінде шина пакеті бойлай қаптап т а с т а у к е р е к .

Металл стеллажы жоқ болған жағдайда шиналарды уақытша тегіс тіреуішті тауар қойғышқа, шиналарды тігінен протекторға биіктігі бойынша үш шина қ о ю ғ а б о л а д ы .

166. Қоймалардағы қатарлардың орналасуы қойма ғимараттарын тиімді қолдануды қамтамасыз етуге, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде механизация құралдарын қолдануды қарастырган орналасу схемасына сәйкес жүргізуі керек.

Қатарларды орналастыру орны және арасынан өтетін жер алдын ала б е л г і л е н е д і .

167. Стеллажсызшиналардың сақтау үшін ішінде тысы бар үрленген және тальктелген камера мен құрсау лента қораптармен қойылады. Шиналарды « құдық тәрізді» қою, сонымен қоса тауар қойғышсыз еденге (тегіс тіреусіз) қоюға қ а т а н т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Стеллажсызшиналардың сақтау кезінде қатарлар арасындағы және қабырға бойымен (шығынқы құрылымдар) өтетін жол 0,5 метрден аз болмауы керек.

168. Сақтау кезінде аталған стеллаж(қатар), түрлері және шинаны қайта қарау мен тексерісі нәтижелерінің өзгерістері қатар құлақшасына енгізіледі.

Әрбір бөлім (қойма) бойынша тік тұрған күйінде сақтауға қолданылатын жабдықта (қатардағы), жылжымалы метал сөрелеріндегі шиналар орналасуының іс ж ү з і н д е г і с ы з б а с ы құрылады .

169. Шиналарды қабылдау, сақтау, қайта қарау және жіберу шаралдары бойынша құжаттарды рәсімдеу бірінші топтағы материалдар бойынша шараларды есептеу және құжаттау жүргізіледі.

170. Шиналарды тиеу-түсіру жұмыстарын бекітілген технологияларға дәл сәйкестендіріп жүргізу қажет .

171. Шинаны сақтау мерзімі - 5 жыл.

2-параграф. Аккумуляторлар (МЕМСТ 959)

172. Аккумуляторлар – автотракторлық техникадағы (автомобильдердегі, автобустардағы, тракторлардағы және т.б.) электр жабдығын қоректендіру мен қозғалтқыштарын іскеңсөз үшін арналған, қорғасынды стартерлі аккумулятор б а т а р е я л а р ы .

173. Аккумуляторлар құрылымдаулық және технологиялық құжаттама

бойынша нақты типтегі батареяға стандарт және техникалық шаралар талаптарына сәйкес жасалуы керек.

174. Батареялардың габариттік өлшемі, батареяда аккумуляторлардың орналасуы, өлшемдері, полюс өткізгіштерінің орналасуы және плюс «+» және минус «-» белгілерімен қарама-қайшылығынан тәуелді болатын олардың белгіленуі нақты типтегі батареяға техникалық шараларда көрсетілуі керек.

175. Батареялардың үстіндегі қабаты таза болуы керек, өткізгіштерді дәнекерлеу жерлерінде қорғасынның аққан іздері болмауы қажет.

176. Аккумуляторлар -50°C -тан $+60^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада жабық үй-жайдаса сақталуы керек.

177. Батареяларды сақтау кезінде қақпақтарымен жоғары орналастырылады. Сонымен қатар олардың тығындары тығызы бұралуы керек, қымтау бөлшектері – тығызыдағыш дискілер, қымтау қабыршықтар қалпақшалар және т.б. - өз орындарында болуы керек.

178. Электролит құйылмаған батареялардың сақталу мерзімі – 36 ай.

4. Жуу бүйымдары

1-параграф. Каустикалық сода (МЕМСТ 2263)

179. Күйдіргіш натрий улы зат болып табылады, 2-санатты зиянды заттарға жатады. Теріге түскен жағдайда химиялық күйіктерді туғызады, ал ұзақ әсер еткен кезде жаралар мен есекжемді туғызуы мүмкін. Шырышты қабықтарға қатты әсер етеді. Көзге күйдіргіш натрдың түсуі қауіпті. Өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағындағы ауада рауалы шектелген концентрация – 0,5 м г / м і .

180. Қолдануы: химия, мұнай-химия, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде, түсті металлургияда және басқа салаларда қолдану үшін арналады.

181. Қаптамасы: техникалық күйдіргіш натр ерітіндісін дәнекерленген болат бөшкелерге, полиэтилен бөшкелерге құяды; өнімнің сақталуын қамтамасыз ететін, тұтынушының (дайындаушының) арнайы контейнерлерінде сақталады. Бөшкелер мен арнайы контейнерлерге олардың сыйымдылығымен өнім 98 %-ға толтырылады.

182. Тасымалдауы: осы көлік түріне қолданылып жүрген, жүктөрді тасымалдау ережесіне сәйкес темір жол және автомобиль цистерналарында құйып тасылады.

183. Техникалық күйдіргіш натрий ерітіндісі сілтілерге төзімді материалдан

жасалған жабық ыдыстарда сақталады. Қапталған өнім жылтырылмайтын
қоймалық үй-жайларда сақталады.

184. Сақтаудың мерзімі – дайындау күнінен бастап бір жыл.

2-параграф. Кальцийленген сода (МЕМСТ 5100)

185. Техникалық кальцийленген сода және көмір қышқылды натрий (Na_2CO_3) – бұл көмір қышқылының натрий тұзы.

186. Кальцийленген соданы аммиак тәсілімен – хлорлы натрийдің су ертіндісін аммиакты және көмір қышқылды газды сініру жолымен, кейін сұзумен, жуумен және бикарбонат натрийді (Na_2CO_3) қыздырып, көмір қышқылды натрийді (Na_2CO_3) алады.

187. Техникалық кальцийленген сода табиғи және жасанды желдетуімен әр типті жабық, құрғақ, техникалық жарамды үй-жайларда сақталуы керек.

188. Тиеу басталарға дейін қоймалық үй-жайлар соданы қабылдауға дайындалған болуы керек. Сонымен қатар шатырдың, едендердің дұрыстығына, есіктердің жабылу тығыздығына ерекше назар аударылады.

189. Қойманың ағаш құрылымы, сондай-ақ үгінді кенептен жасалған тығыздаушы білікшелер оттан қорғайтын құраммен өнделуі керек.

Желдету үшін қоймалар кереге көз және желкөздермен жабдықталуы керек.
Желкөздер іштен жабылуы тиіс.

190. Кальцийленген содасы бар қоймада ашық отты қолданумен немесе ұшқын шығарумен байланысты жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Қоймаларға жарық түсіру электр шамдарын қорғалған күйде (шыны қалпақтармен) қолданумен орындалуы керек. Жарық түсіру дәрежесі қолданып жүрген нормаларға сәйкес болуы тиіс.

Электр өткізгіш түрлеріне байланысты емес электр өткізгіштерді оқшаулау 500В төмен емес кернеуге есептелген болуы керек. Электр өткізгіштерінің қосылу және тармақтану жерлерінде таратушы қорабы қолданылуы керек.

Қоймалардың секцияларында орналасқан ток қабылдағыштар жұмыстан бос уақытта сыртқы жағынан сөндірілуі, ал электр қалқандары – пломбалануы тиіс.

191. Қоймалар белгіленген нормаларға сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен және өрт сөндіру мүкеммалдарымен қамтамасыз етіледі.

Негізгі қорлар, байланыс және сигнализация құралдары, су жүргіzetін желі мен су айдыны үнемі техникалық дұрыс жағдайда тұруы керек.

Содамен жұмыс істеу үшін техникалық дұрыс электр жүк тиегіштер қолданулы керек.

Соданы сақтауға арналған қойма құрылыш нормаларына сәйкес автоматтық

күзет-өрт сигнализациясымен, сондай-ақ найзагайдан қорғау құрылғыларымен
жабдықталуы к е р е к .

192. Кальцийленген соданы қабылдауға қойманың дайындығы уәкілдепті және материалдық жауапты тұлғалармен тексеріліп, актімен ресімделеді.

193. Соданы қоймалау үшін жеткізіп берушілер, өндіру жылдары мен сұрыптар бойынша жеке-жеке вагондық топтамалармен жүргізіледі. Әр топтама құраушы бөлік түрінде қат-қабат салынып, олардың шекарасы шартты белгілермен белгіленуі керек. Бірнеше вагондарда біркелкі көрсеткіштерімен сода бір уақытта түскен жағдайда ол соданы вагондап жайғастыру міндетті емес.

Соданы қоймалау үшін қойма алаңын және жүктеудің үдемелі нормаларын, тиеу-түсіру жұмыстарында қолданылатын механикаландыру құралдарын тиімді пайдалануын және ыдыстың сақталуын есепке алумен жасалған, алдын ала орналастырудың әзірленген және бекітілген сызбасына сәйкес жүргізіледі.

Сода және қағаз қаптардың үлкен ылғалданғыштығына байланысты соданы ірілendіrілген қат-қабатта сақтау орынды.

Қат-қабаттардың орналасу орны мен олардың арасындағы өтпе жолдар күні бұрын б е л г і л е н е д і .

Қат-қабаттардың өлшемдері (ұзындығы мен ені) қойманың құрылымымен және көлемімен, сондай-ақ есіктер мен колонналардың орналасуымен анықталады.

Қат-қабаттар мен қабырғаны жағалай (оның құрылымының шығынқы жері) өтетін жолдар 0,5 метрден кем болмауы керек.

Сақталатын материалдың үстіңгі қабатынан жарықтандырыш арматураға дейін ара қашықтық 0,5 метрден кем болмауы керек.

Қат-қабаттар қойманың құрылыш құрылымдарымен жанаспаулары керек.

194. Қолданып жүрген нормаларға сәйкес, электр жүк тиегішпен қоймалық жұмыстарды жүргізу үшін және қоймада өрт қауіпсіздігі нормаларымен сәйкестікте есіктерге қарсы ұзына бойғы (орталық) және көлденең өтпе жолдар қалдырылады.

Қажет жағдайда ұзына бойғы өтетін жол қойма осіне қарай жылжытуға, ал қойма ені 20 метрге дейін болса – қабырғаны жағалай өтетін жолдан біреуін сыйыстыруға рұқсат етіледі.

Орталық ұзына бойғы өтетін жолсыз қат-қабаттарды орналастыруға рұқсат етіледі.

195. Кальцийленген сода тұтас тақтай төсеммен 15 см кем болмайтын биіктікте құрғақ, таза тауар асты тұғырықтарына (табандықтарға) бес-бестен, алты-алтыдан қат-қабат қоймаланады. Қаптар пакетке тігілген жақтарымен құрастырып салынады.

Қат-қабаттың биіктігі қойма биіктігіне, ыдыстың беріктігіне, еденге рұқсат

етілетін жүктеме шегіне байланысты болады және биіктігі 4,5 метр секция үшін
24 қатардан төмен болмауы керек.

196. Тиеу-тұсіру және қоймаішлік жұмыстар ыдыстың бұзылу мүмкіндігінен басқа, барлық шараларды сақтай және қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария талаптарын сөзсіз орындағанда жүргізілуі керек.

Тиеу-тұсіру жұмыстарын респараторлар киіп немесе дәке таңғышта және тиісті арнайы киімде жүргізілуі керек.

197. Кальцийленген соданы қабылдау кезінде әр қат-қабатқа жеткізіп берушінің ілеспе құжаттары мен қабылдау актісі негізінде қат-қабат құлақшасы толтырылады. Сақтау барысында қат-қабат құлақшасына осы қат-қабат бойынша өнімнің бар болуы, түрлері және қат-қабаттарды қарау және толықтыру нәтижелері туралы өзгерістер енгізіледі. Әр қат-қабатқа соданың нақты орналастыру сызбасы қоса беріледі.

Соданы уақытша сақтау қат-қабатына міндепті түрде қат-қабат заттаңбасы ресімделеді.

Қат-қабаттан сода толық жөнелтілгенен кейін қат-қабат заттаңбалары белгіленген тәртіpte сақтауға тапсырылуы тиіс.
198. Сақтау мерзімі:
1) А маркалы – 3 ай;

2) Б маркалы – 6 ай.

3-параграф. Сабын (МЕМСТ 30266)

199. Кір сабын – негізінен, май (табиги және синтетикалық), шайыр натрий тұздарынан және нафтен қышқылдарының және судан жасалатын өнім.

200. Сабын гигиеналық, өнеркәсіптік және басқа мақсаттарда қолдануға, әр түрлі маталардан жасалған бүйімдарды жууға арналады. Сабынның су ерітінділері белсенді жуғыш қасиеттерге ие. Сабын су ерітіндісінде қатты және сұйық кірді кетіреді.

201. Сабынды ұзақ сақтау үшін техникалық жарамды, құрғақ, жақсы желдетілетін қоймалық үй-жайлар пайдаланылады.

Сабынды сақтау жылдытылмайтын және жылдытылатын қоймаларда жүзеге асырылады.

202. Жүктеу алдында қоймалық үй-жайлар сабынды қабылдауға және сақтауға дайындалуы және жөнделуі керек. Сонымен қатар шатырдың, едендердің, желкөздердің және дефлекторлардың дұрыстығына, есіктердің жабылу тығыздығына ерекше назар аударылады.

203. Желдету кезінде сабынның сақталуын қамтамасыз ету үшін қоймаларда

қосымша кереге көз есіктер ілінеді, ал қабырғадағы желдеткіш желкөздер т о р л а р м е н жа б д ы қ т а л а д ы .

2 0 4 . К о й м а л а р :

1) табандықтармен, төсем тақтайшалармен, сатылармен;
2) сақтаудың температуралық—ылғалдық режимін бақылау үшін аспаптармен (термографтармен, термометрлермен, психрометрлермен, гигрографтармен және б а с қ а) ;

3) ыдысты жөндеу үшін қосымша құрал-материалдармен;
4) қолданып жүрген нормаларға сәйкес қажетті өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен, сондай-ақ автоматтық күзет-өрт сигнализациясы құралдарымен қ а м т а м а с ы з е т і л у і к е р е к .

205. Электр шамдары жабық немесе қорғалған күйде (шыны қалпақтармен) болуы қ а ж е т .

206. Сабын әр деңгейдегі отқа төзімді қоймаларда сақталады.

Сабынды сақтау барысында олардың іс-әрекет ұзақтылығына және қуаттылығына қарамай жану көздерінен сақтау қажет.

Жану немесе өрт кезінде сөндіру үшін суды немесе ауа-механикалық көбікті қ о л д а н у қ а ж е т .

Өртті сөндіру құралдары үнемі толық жарамдылықта немесе дайындықта т ұ р у ы к е р е к .

Сабынды қабылдауға қоймалардың дайындығын уәкілетті және материалдық жауапты тұлғалар тексеріп, актімен ресімделеді.

207. Сақтау кезінде сабынның сандық сақталуына бақылауды қамтамасыз ету үшін, штабельдегі жәшіктер саналуы керек.

Штабельдер бір тоқсан бойында өндөлген, сапасы және түрі бойынша біркелкі сабыннан, жәшікке бір түрі салынған және әр жәшікте біркелкі кесек санынан тұратын, бір немесе бірнеше вагондық топтамалардан қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

208. Сабын биіктігі кемінде 15 сантиметр құрғақ, таза табандыққа жайғастырылады. Жөнелту кезінде жұмысты механикаландыру үшін әр пакеттің астына қалыңдығы 5 см тақтайша немесе табандық салынады.

209. Қат-қабатқа сабын 2-3 пакет енімен жылтылмайтын қоймаға жайғастырылады. Штабельдің ұзындығы мен биіктігі қойманың ерекшелігіне (ұзындығы, биіктігі, колонналардың орналасуы, желдеткіш жүйесі) байланысты б е л г і л е н е д і .

210. Көлік табандықтарында жеткізілген сабын, 3-4 пакет биіктігінде жайғастырылады. Қоймалардың құрылыштық құрылымдарымен штабельдердің жанасуын болдырмау керек. Штабельдердің жекелеген пакеттері орнынан қозғалған жағдайда тез арада қайта салынуы тиіс.

211. Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау мақсатында электр өткізгіштер, шамдар мен сабын штабельінің жоғарғы қатары арасындағы ара қашықтық 0,5 м кем болмауы ке^рек.

212. Сабынмен тиеу-түсіру және қоймаішлік жұмыстар механикаландыру құралдарының көп пайдалануын және еңбектің жоғары өнімділігін, шығындардың төмендеуін, сондай-ақ өнімнің сандық сақталуын қамтамасыз ететін, жұмыстың ең үдемелі әдістерінің қолданылуын есепке алumen әзірленген, бекітілген технологиялық карталар бойынша жүргізіледі.

213. Тиеу-түсіру жұмыстарында, сондай-ақ басқа орынға ауыстырып қою кезінде соққыларды болдырмай, сабын салынған жәшіктердің құнтарын қамтамасыз ету қажет. Сапасын тексеру үшін сабыны бар жәшікті абайлап ашу ке^рек.

214. Сабынның әр штабельіне оны қалыптастырғаннан кейін № Р-126 нысаны бойынша штабельзаттаңбасы ресімделіп, штабельге ілінеді. Әр штабель заттаңбасына штабельге жәшіктерді орналастыру сызбасы қоса беріледі, сызба штабельге тауарды жайғастырғаннан кейін тез арада материалдық жауапты тұлғамен жасалады.

215. Сақтау мерзімі: - 1 жыл.

5. Техникалық заттар

1-параграф. Тез қатпайтын салқыннатқыш (МЕМСТ 28084)

216. Суытатын төмен температурада қататын сұйықтықтар – құрамы коррозияға қарсы, көбіктендіруге қарсы, тұрактандырығыш және бояғыш қосымшаларымен 30 %-ға дейін судың массалық үлесімен этиленгликольден тұратын, этиленгликольдің немесе гликоль мен су гликоль ағындардың су ерітіндісі.

217. Төмен температурада қататын суытатын сұйықтықтар қозғалтқыштардың суыту жүйесінде пайдаланылады. Оларды айтарлықтай дәрежеде пайдалану, қоршаған ортаның төмен температуралары болған жағдайда, автомобилдерді пайдалануды жеңілдетеді. Қозғалтқыштардың суыту жүйесі үшін этиленгликольмен тазартылған су қосындысынан тұратын сұйықтықты жиірек қолданады, сипаттама ерекшелігі – суда шексіз ерігіштігі және таза этиленгликольден, едәуір төмен қату температурасымен қосындылар беру касие^ті бар.

218. Суытатын төмен температурада қататын сұйықтық (одан әрі – суытатын сұйықтықтар) өзінің негізгі параметрлері бойынша – төменгі температураларға

төзімділігі, сипатталатын температуралар мен кристалдану бастамасы, өнеркәсіптің келесі типтері бойынша дайындалады:

1) сұытатын сұйықтық СС-К - массалық үлесімен концентрат 5% көп болмауы керек;

2) сұытатын сұйықтық СС-65 - кристалдану бастамасының температурасы -65 °C-тан жоғары болмауы керек;

3) сұытатын сұйықтық СС-40 - кристалдану бастамасының температурасы -40 °C -тан жоғары болмауы керек.

219. СС-К сұытатын жұмыс сұйықтық ретінде пайдаланылмайды, ол СС-65 және СС-40 су қосу жолымен сұытатын жұмыс сұйықтығын алу үшін арналады.

220. Сұытатын сұйықтықтар көрсетілгендерден өзгеше, бірақ тығыздықтан басқа, МСТ-нің қалған талаптарына сай келетін, кристалдану бастамасының температурасымен және су массасының үлесімен дайындалады. Сұытатын сұйықтықтарды дайындау кезінде енгізілетін коррозияға қарсы, көбіктенуге қарсы және басқа қосындылардың техникалық көрсеткіштерін төмендетуге болмайды.

221. Жұмыс аймағының ауасында этиленгликольдің рауалы шектелген концентрациясы 5 мг/мі құрайды. Орташа қауіпті заттарға – қауіптіліктің 3 тобына жатады.

222. Сұытатын сұйықтықтар герметикалық жабық бөшкелерде және коррозияға төзімді болаттан жасалған сыйымдылықтарда сақталады.

223. Сақтау мерзімін нақты сұытатын сұйықтыққа нормативтік техникалық құжаттарда дайындаған сәтінен бастап белгілейді.

2-параграф. Мұздануға қарсы сұйықтық (МЕМСТ 23907)

224. Мұздануға қарсы сұйықтық (МҚС) – ұшар алдында ұшу аппараттарының мұздануға қарсы жер бетінде өндеуге арналған сұйықтық. Пайдалану қасиеттерін (қойылтқыштар, бояғыштар және басқалар) жақсарту үшін суға әр түрлі қоспаларды қосумен (моноэтиленгликоль, диэтиленгликоль немесе пропиленгликоль) гликоль ерітіндісін алады. Гликольдің болуынан қату температурасы судан едәуір төмен. Қатып қалған тұнбаларды еріту үшін (+60..+70°C-қа дейін қыздырылған) және ұшу аппараттарының (суық күйінде) үстіңгі қабатына түсетін тұнбалардың жиналуынан қорғау үшін қолданылады.

225. МҚС, қойлтқыштың бар болуы немесе болмауына байланысты, оның концентрациясы мен химиялық түп негізі I, II, III, IV типке бөлінеді. I (бірінші) типтің сұйықтығы негізінен ұшу аппараттарының үстіңгі қабатынан қарлы-мұз қабаттарын кетіру үшін қыздырылған күйде қолданылады. Ұзак уақыт қорғау

үшін II, III және IV типті сұйықтық пайдаланылады. Олардың құрамында қойылтқыштың болуынан, олардың үлкен тұтқырлығына байланысты, ұшу аппараттарының үстінгі қабатына олардың қатып қалмауына кедергі жасайтын, тұнбаларды өзіне қабылдайтын, үстінгі қабатта қабыршықтар пайда болады. Жер бетін мұз басып кетудің алдын алу үшін МҚС осы типтерді қоршаған орта температурасында, салқын түрінде қолданылады.

226. МҚС механикалық қоспаларсыз, мөлдір болуы керек және жағу кезінде ұшу аппаратының сыртқы түрін бұзбауы керек.

227. Сыртқы ауа температура 10-нан -55⁰C-қа дейін болғанда МҚС қолданылады.

228. МҚС металдар мен қорытпалардың коррозиясын болдырмауы керек, сондай-ақ ұшу аппараттарының лакпен боялған қаптамасының және металдан жасалмаған материалдардың қасиеттеріне әсер етпеуі керек.

229. Адам ағзасына әсер ету дәрежесі бойынша МҚС қауіптілігі 3-кластан жоғары болмауы керек.

230. МҚС жылдыымайтын қоймаларда сақталады.

231. Мұздануға қарсы сұйықтықтың сақталу мерзімі 5 жылдан кем болмауы керек.

232. Сақтау мерзімін нақты сұытатын сұйықтыққа нормативтік-техникалық құжаттарда дайындау сәтінен белгіленеді.

3-параграф. Тежегіш сұйықтық ГТЖ-22 (РОС ДОТ)

233. Тежегіш сұйықтықтар гидравликалық және пневмогидравликалық жетекті тежегіш жүйелерінде пайдаланылады.

234. Тежегіш сұйықтықтар жақсы тұтқырлық-температуралық және майлағыш қасиеттерге, физикалық және химиялық тұрақтылыққа ие болу керек, сондай-ақ металдарға, гидрожетектің резиналық бөлшектеріне қатысты инерttі болуы тиіс.

235. Жетек жүйесіндегі сұйықтықтың температурасы қоршаған ауа температурасына сай болады. Алайда, доңғалақтық тежеуішті цилиндрларда тежегіш механизмдердің үйкелісі кезінде бөлінетін жылудан сұйықтық қызады. Сұйықтықтың қайнауына жол берілмейді, өйткені ондайда жетектің басты жұмыс істеу жағдайы – сұйықтықтың сығылмаыштығы бұзылады. Қатты қысымдар болмаса да, сұйықтық буларының көлемі азаяды, сондықтан гидрожүйе бойынша берілетін күш жұмыстық доңғалақтық цилиндрлерге жетпейді. Гидрожетекке ауа кірген кезде осы жағдай қайталанады. Сығылмайтын сұйықтықтың орнына жүйенің бөлігі жеңіл сығылатын ауамен толтырылады және тежегіш басқышы босап түседі.

236. Тежегіш сұйықтықтар өсімдік майының (жиірек майсана майының) немесе гликольдің (қос атомды спирттің) негізінде шығарылады.

237. Гликоль және этилкарбитол негізіндегі сұйықтықтарда тәмен температуралық жақсы қасиеттері (-60°C кезінде қатпайды) бар, тәмен буланғыштығы және тұтанудың жоғары температурасы. Барлық осы қоспалар резенделі майға төзімді емес бөлшектерге қатысты бейтарап, яғни автомобильдердің кәдімгі резенделі қымтағыштың тежегіш жүйесінде қолданылады. Осы сұйықтықтарды спиртті майсана сұйықтықтарымен араластыруға болмайды, себебі майсана майының тәмендеуі туындаиды. Гликоль және этилкарбитол негізіндегі сұйықтықтарды қолдану қоршаған ауа температурасы +50...-50°C кезінде гидравликалық жетектің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Барлық осы сұйықтықтар уытты.

238. ГТЖ-22 – сондай-ақ коррозияға және тозуга қарсы кірікпелерімен қос атомды негізіндегі сұйықтық. Осы сұйықтықтар жасыл түсті, -65°C-тан жоғары температурада қатады, улы.

239. Сұйықтықтар құрғақ, таза, желдеткішті қойма үй-жайларында сақталады.

6. Залалсыздандыру жабдықтары

1-параграф. Залалсыздандыратын сұйықтық

240. Залалсыздандырушы сұйықтық – үй-жайларды, жиназ бұйымдарды, санитарлық-технологиялық жабдықты, киім-кешектерді, ойыншықтарды, жұқпалы ошақтарда, әр бағыттағы емдеу-сауықтыру орнында бактериялы этиологияның, вирусты этиологияның және грибокты этиологияның жұқпалы кезінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен сырқаттарды құту заттарын уытсыздандыру үшін арналады.

241. Залалсыздандырушы сұйықтық қараңғы, салқын жерде, жекелеген жерде, дәрілік препараттардан жеке және балалардың қолы жетпейтін жерлерде, сөрелермен жабдықталған дайындаушы фирмалың тығыз жабылған қантамасында сақталуы керек, онда азықтық тағамдар мен азықтық шикізатты сақтауға тыйым салынады.

242. Хлорлы әк жабық, қараңғыланған және жауын-шашын тимейтін, 25°C-тан жоғарыемес температурасы және 20%-дан көп емес ауа ылғалдығы бойынша, жақсы желдетілетін үй-жайларда, зауыт қантамасында сақталады. Бір үй-жайда хлорлы әкпен бірге от қаупі бар заттарды, майлағыш майларды, металл бұйымдарды, газ баллондар мен күйдіргіш сілтілерді сақтауға рұқсат етілмейді.

243. Хлораминді қараңғы, тығыз тығындалған шыны, керамикалық немесе

244. Трихлоризоцианурлы қышқылды және натрий дихлоризоцианураты -40-тан +40⁰С-қа дейінгі температура кезінде қышқыл және сілті булары (әсіресе аммиак булары) болмаған жағдайда, дайындаушы-зауыт ыдысында сақталады.

245. Кристалдық жай-күйдегі күйдіргіш сілтілер металл барабандарда сақталады. Қойытылған ерітінді болаттан жасалған сыйымдылықта сақталады.

246. Каустифицирленген сода-сақар қоспаны (каспос) тығыз бітелген тығындармен темір немесе ағаш бөшкелерде немесе шыны бөтелкелерде сақтайды. Препаратты арнайы жасалған құлыш салынатын, тығыз қақпақтармен жабдықталған, цементtelінген сыйымдылықтарда сақтауға рұқсат етіледі.

247. Кальцинирленген соданы зауыт қаптамасында (4-6 қабатты қағаз қаптар, ламинатталған қаптарда, 5-6 қабатты битумдалған қаптарда); демп – ағаш бөшкелерге салынған крафт-қаптарда сақталады. Сақтау шарттары атмосфералық жауын-шашыннан өнім мен ыдысты сақтауды қамтамасыз етуі к е р е к .

248. Формалинді құрғақ жылтылған үй-жайда бөлмелік температурада жабық шыны бөтелкеде сақтайды.

249. 1,0-1,2 модулімен метасиликат натрийдің қойылтылған ерітіндісі 18-22⁰ С температурада жабық ыдыста (металл, ағаш) 7-10 күн сақталады.

250. Сутегі тотығы (пергидроль) 30⁰С-тан жоғары емес қоршаған орта температурасында, күн сәулесінің әсер ету ықпалынан сақтауды қамтамасыз ететін, қойма үй-жайларында сақталады.

7. Жанар-жағар май материалдары

251. Жанар-жағар май материалдарларын (ЖЖМ) мұнайөнімдерінің өнеркәсіптік қайта өңдеудің нәтижесінде алынады және оны халық шаруашылығы мен өнеркәсіпте қолданады. ЖЖМ-ға керосиннің, бензиннің, дизель отынының, көлікмайының, мазуттың түрлері жатады.

252. Мұнайөнімдері – мұнайды және сұйылтылған көмірсугекті газды қоса алғандақайта өңдеуден газ бен газдың конденсатын алатын дайын өнім.

2 5 3 . Т а ң б а л а у .

Әр мұнайөнімдері бар көлік ыдысының бірлігінде сумен және мұнай өнімдерімен жуылмайтын трафарет немесе мөртаңбалы міндетті жазба болуы т и ı с :

- 1) мұнайөнімдер атауы, маркасы (жұмсақ жағармайдың қысқартылған атауын көрсетеүге болады) ;
- 2) дайындаушы кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- 3) брутто және таза салмақ массасы;

- 4) мұнайөнімдерінің дайындалған жылы, айы және күні;
5) топтама нөмірі;
6) стандарт белгісі.

Егерде көліктік мұнайөнімдері бар ыдыста айтылған жазулар болмаса, онда ыдысқа затбелгі немесе осы жазумен заттаңба, ал ыдыстасумен немесе мұнайөнімдеріmentазартылмайтын трафарет мөртаңба және мұнайөнімінің атауы, оның дайындалған күні туралы бар мәліметтер жазылады.

254. Мұнайөнімдерінің белгілі бір маркасына арналған жұмсақ контейнерлерде және резина материалдық резервуарларда тұрақты мұнайөнімінің атауы әрдайым жазулы тұру керек.

255. Мұнайөнімдерінің барлық топтамасы сапа жөніндегі құжаттармен қамтамсыз етілуі тиіс. Мұнайөнімінің сапасы туралы жазылған құжаттарда сапа көрсеткіші белгіленген нормалары және нормативті-техникалық құжаттамаларға сәйкес мұнайдың сынақ нәтижесі болады.

256. Бұма.

Мұнайөнімдерімен толтырылар алдында ыдыстарды байқап қарау керек. Ластану белгісі табылған жағдайда ыдысты ыстық сумен, мұнай еріткіш затпен немесе мұнай өнімдері мен механикалық қоспа қалдықтары жойылғанша толығымен буландырып, кептіру керек.

Ідыстың толтырылу дәрежесі мынандай болуы тиіс:

- 1) жабысқақ, жоғарғы температурада қоюланатын, майтәріздес және қатты мұнайөнімдері үшін - 100% көлемге дейін;
- 2) сұйық мұнайөнімдері үшін - кем дегенде 98% көлемде.

Тұрмыстық қолданысқа арналған мұнайөнімдерін, металл және полимер сыйымдылығы кем дегенде 5 дм³, әйнек 1 дм³ ыдыстарына буып түю қажет.

Сұйық мұнайөнімдері бар көлік ыдысы пломбаланған болу керек.

Тұтынушылық мұнайөнімдері бар ыдыстарды көлік ыдыстарына былайша орнықтады:

- 1) тобатайды – ағаш торкөздерге;
- 2) әйнек құты және шөлмекті – қалқа биіктігі орналасатын құты мен шөлмек биіктігінің 3/4-і кем емес болатын қалқалы ұяшығы бар, тұтас тақтай жәшиктеріне;
- 3) полиэтиленді, металл құты және туба – тақтай, фанера, полиметрлі және қатырма жәшиктеріне. Қабатталып байланған жағдайда арасына көлденең төсем төсөледі.

Полиэтиленді және металл туба қалқалы ұяшығы бар жәшиктерге салынады.

Көлемі 0,5 дм³ кем әйнек құтылар мен шөлмектерді қалқалы ұяшықтары бар қатырма жәшиктерге салуға рұқсат берілген.

257. Тасымалдау.

Мұнай және мұнайөнімдері мұнай құбыры және мұнайөнімдері құбыры, теміржол, автомобиль, әуе, теңіз және өзен көліктері арқылы тасмалданады.

Мұнай және мұнайөнімдерін электростатистикалық ұшқындар қауіпсіздік талаптарына сәйкес ішкі жағы майды, бензинді және буды берік ұстайтын, жабық, сұйық зат таситын кеме, теміржол және автомобиль цистерналармен тасмалдайды.

Мұнай және мұнайөнімдерін төменгі құйып алу құралдары бар теміржол және автокөлік цистерналарымен тасмалдайды.

Теміржол және автокөлік цистерналарындағы мұнай, мұнайөнімдері цистерна қазанының ішкі бетіндегі тұтқыр мұнайөнімдері толығымен қотарылып, жойылуы тиіс. Бұл ретте төменгі құйып алу құралы жоқ теміржол цистерналарында 1 см (қалпақшамен өлшеу арқылы) дейін қалдық қалдыруға рұқсат берілген.

Құйып алуға дайындау үшін, берілген теміржол цистерналарымен қоса алдынғы құйылып алынған мұнайөнімінің аты бар құжаттар тіркеліп журу тиіс. Құжаттар болмаған жағдайда мұнайөнімінің атауы цистернада қалған қалдық анализы арқылы анықталады.

Егер авиация техникасында қолданылатын мұнай өнімдерін құю үшінілеспе құжаттары жоқ цистерналарды пайдалануға рұсат берілмейді.

Мұнай, май, мазут, мотор жанаармайы, битум және де басқа да физикалық – химиялық қасиеті ұқсас мұнайөнімдерін «Бензин» деген ұлгісі бар теміржол цистерналарына құюға тыйым салынған.

Айналмалы бағдар арқылы мұнайөнімдерін тасымалданатын теміржол цистерналары, тұтынушы мен дайындаушы арасындағы келісіммен белгіленген, бес реттен артық емес қолданылған мұнай тасымалдайтын теміржол цистерналары, аралық уақыт сайын профилактикалық өндеуден өтіліп тұруы тиіс.

Жол сапарда және белгіленген бекетке жеткізілгенше теміржол цистерналарына мұнайөнімдерін толтырғанда ауа температурасының көтерілуіне байланысты, мұнайөнімі көлемінің ұлғаюын және цистернаның толық қолдану сыйымдылығы мен жүккөтергіш шектеулілігін есепке алу қажет.

Мұнайөнімдерін еркін төгілетін ағын арқылы құюға тыйым салынады.

Теміржол және автомобиль көліктері түрлеріне қолданылатын жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес, мұнайөнімдері бар теміржол цистерналары, вагондар және автоцистерналар пломбаланады.

258. Қабылдау ережелері.

Мұнай және мұнайөнімдерін топтамалап қабылдайды. Топтама деп - тоқтатылмаған технологиялық процестің нәтижесінде, қабылдау кезінде берілген бірлескен сынамаға негізделген, құрамы біртекті құрамдас және сапа көрсеткіші

туралы жетекші құжаты бар барлық мөлшердегі өнімді айтамыз.

Егер сынақ нәтижесінде бір көрсеткіш қанағаттанарлықсыз болса, онда сол топтамадан қайта жаңа сынама өткізіледі.

Қайта жаңа сынап нәтижесі барлық топтамаға тарайды.

Мұнайөнімдерінің физика-химиялық және пайдалану көрсеткіштері ТР ТС 013/2011 «Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивтік қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы» және ТР ТС 030/2012 «Жағармай материалдарына, майлар мен арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына жәненормаларына осы берілген өнімге арналған қолданыстағы Мемлекеттік стандарттарға сәйкес болу керек.

259 . С ақ т а у .

Отынды мұнайөнімінің әсеріне, тауар түбіндегі кепілдікті суға, буга (немесе ыстық суға) төзімді, ішкі жабыны тottанбайтын металл резервуарларда сақтайды

Автомобиль бензині мен мұнайды, металл резервуарларды пайдалану шарттарына байланысты қалқымалы шатыры немесе понтоны бар немесе газды бекіткішпен жабдықталған металл резервуарларда сақтаған дұрыс болып т а б ы л а д ы .

Авиациялық бензинді қалқымалы шатыры бар резервуарларда сақтауға т ы ы м с а л ы н а д ы .

Бензинді күрделі жөндеуге дейін понтоны және газды бекіткіші жоқ және де ұзақ сақтайтын мекемелерде резервуарларда сақтау рұқсат етілген.

Әр түрлі маркалы мұнай мен мұнайөнімдерін шаң және атмосфералықылғал түспейтін бөлек резервуарларда сақтау қажет.

Металл резервуарлар, ұзақ сақтауға арналған мекеме резервуарынан басқа, уақытылы тазартылып тұрылу тиіс.

Мұнайөнімдерін резервуарларда сақтау кезінде, су дренажының құрылғысы конструкциясы қамтамасыз ететін тауар түбіндегі су көрсеткіші минималды көрсеткіштен асып кетпеуі керек.

Үйдистағы мұнайөнімдерін тұра күн сәулесі және атмосфералық ықпал түспейтін, шатырлы қоймаларда стеллаждарда немесе түпқоймаларда, сөрелерде сақтаған дұрыс. Мұнайөнімдері бар ыдыстарды қақпақшаларын төбеге қаратып қ о я д ы .

Картонғасалынған жұмсақ жағармайларды түпқоймаларда, қақпақшаларын төбеге қаратып, ең көп дегендеге үш қабат етіп жабық қоймаларда сақтайды.

Мұнайөнімдерін сақтау технологиясы мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) белгіленген сақтау мерзімінде дайындалу кезіндегі мемлекеттік стандарттарға сәйкес өнімнің сапасының сақталуын және сол бойынша

2) мұнайөнімінің сандық мөлшері және сақтау кезіндегі белгіленген табиғи кему нормаларына қарағанда шығындарды азайту.

Мұнайөнімдерін резервуарларға топтамалау бекітілген мамандырылған жоспар арқылы орналастырылады. Әр түрлі маркалы мұнайөнімдерін бір бірінен бөлек сақтайды. Әр түрлі маркалы мұнайөнімдеріне арнайы резервуарар топтамасын, құбырлар, сорғы (өнімқабылдағыш), құйып алу бағандары, эстакадалар, жылдытуға арналған құралдар бекітіледі.

Ұзақ мерзімге салынған мұнайөнімдерін бес жыл аралықта сақтайды. Мұнай өнімдерінің сақтау мерзімін өндірілген ай мен жылдан бастап белгілейді.

260. Егер бекітілген сақтау мерзімі аяқталған кезінде мұнайөнімінің сапасының барлық көрсеткіштері мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін және ұзақ сақтауда өзгеріске бейімділігі баркөрсеткіш бойынша сапалық қоры болса, сақтау мерзімін әріқарай ұзартуға болады. Сақтау мерзімін әріқарай ұзартуға негізі, уәкілдеп орган басшысы тағайындаған комиссия актісі болып табылады. Актіге қоса мұнайөнімінің толық талдау ақпараттары бар паспорты тіркеледі. Мұнайөнімінің сақтау мерзімін ұзартуды уәкілдеп орган ұсынуыбайынша ведомствалық бағыныстағы ұйым өткізеді.

Авиациялық бензиннің, реактивті қозғалтқыштарға арналған жанармайлардың, авияция майларының және МТ майларының сақтау мерзімі ұзартылмайды.

261. Филиалдарда сақталатын мұнайөнімдері кезеңдік жаңартуға жатады. Жаңарту жоспарың жыл сайын белгіленген сақтау мерзімі нәтижесінде, сапаны бақылау бөлімінің басшысымен бірлесе отырып, технология бөлімінің басшысы жасайды филиал директоры бекітеді және Кәсіпорын басшысына ұсынылады.

262. Мұнайөнімінің сандық және сапалы сақтауын қамтамасыз ету мақсатында, әсіресе қысқы мерзімде резервуарлар мен құбырлардың техникалық дұрыстығын, резервуардағы, құбырлардағы бекіту арматурасының герметикалығын, өнімсорғыш бекеттерін үздіксіз бақылау іске асырылады. Сақтаулы тұрған бу тығыздығы жоғары мұнайөнімдері бар резервуарлардың тәбесінің герметикалығын, көктемгі-жазғы мезгілде ай сайын тексеру істері атқарылады.

263. Резервуардағы газды кеңістіктің қысымын және вакуумды тексеру үшін V-бейнелі сұйықты дифманомерді қолданады.

264. Жылына екі рет (көктемде және күзде) тыныс және сақтандыру клапандарының реттелім жұмыстары жүргізіледі. Сол ретте гидравликалық сақтандыру клапандарына жұмыс сұйықтығын құю және тұнбаларды төгіп тастау жұмыстары атқарылады. Күзгі мезгілде әр клапанда осы сұйықтықтың қату температурасы тексерілуі қажет. Температурасы сол төңіректегі еңтөменауа

температуранан ең төмен болуы тиіс.

265. Мөлдір мұнайөнімдеріне арналған құбырлар өніммен толтырылып ұсталады. МК-8 маркасынан басқа мотор майларына арналған құбырлар, қыс мезгілінде өнім әр қотарылған сайын босатылып тасталуы керек.

266. Мұнайөнімдерін вакуумдықпен тазарту ыдыстарынан тартып алу жұмыстары өнімнің әр айдан қотарылуынан кейін жүргізіледі. Өнімдерді мұнда сақтауға тыйым салынған. Вакуумдық және тазарту ыдыстары және өнім қабылдағыштарды мұнайөнімдері мен басқа да бөлінділерден тазарту қажеттілігіне қарай, кем дегенде жылына екі рет жасалады.

267. Кем дегенде жылына бір рет ернемелерді ашу жұмысы жасалады және фильтрлер мен эстакада коллекторлар участекесінің соны тексерістен өтілуі керек.

268. Сақтауда тұрған мұнайөнімдерін құйып алу тек апатты жағдайда рұқсат етілген. Айтылған құйып алу жұмыстары, филиал директорының бұйрығымен, жоғарғы тұрған басшылыққа құйып алудың себебін және резервуарды тазарту нәтижесін, осындай құйып алудың болатындығы туралы мәлімет жеткізлгенен

кеңіншілдегі тапсыныштың істеге түсінілдігінен көзінде қаралады.

кеңіншілдегі тапсыныштың істеге түсінілдігінен көзінде қаралады.

269. Мұнайөнімдерін бір резервуардан екінші резервуарға құйып алу кезінде, құяр алдында жасалған талдау қорытындылары, белгіленген уақытқа сәйкес, кезекті сапаны тексеру істері болғанша сақталады.

270. Мұнайөнімдерін бір резервуардан толық емес бірнеше резервуарлаға жәнеде бірнеше резервуардан бір резервуарға құйып алу кезінде, мұнайөнімінің алынған сапалық көрсеткіші бастапқы көрсеткіштен ерекше болады. Сондықтан қотару ісі жүргізілген резервуардағы мұнайөнімінің сапасы, осындай қотару аяқталғаннан соң бір айдан кейін барлық көрсеткіштері бойынша мемлекеттік стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкес болуы тиіссүрьиптарынан оқтан және цетан санынан басқа анықталуы тиіс.

271. Қауіпсіздік талаптары.

Тез жанғыш мұнай және мұнайөнімдерімен немесе улы заттармен жұмыс жасау барысында, міндетті тұрде типтік салалық нормаларға сәйкес жеке қорғаныс құралдарын қолдану керек.

Көршаган ортандың көмірсутегіненластануын болдырмауды, өрт қауіпсіздігін азайтуда және еңбек шартының жақсаруына, мұнай және мұнайөнімдерінің жоғалымын қысқартудан басқашағылысқа дискттері резервуарларда тұнба шөгуінің алдын алу, тазарту жүйесін, ыдысты механизмданырылған тазарту құралы, теміржол цистерналарындағы тұтқыр мұнайөнімдерін және стационар шлам құрылғылар, құйып алу-құюоперацияларын процестерін автоматтандыру жүйесін жылтытуға құйып алуға арналған құрылғыларды орнатуға болады.

Мұнай және мұнайөнімдерін құю және құйып алу тәртібі, тасымалдау және сақтау құралдарымен конструкцияларын пайдалану шарттары, тасымалдаулар

электростатистикалық үшкын қауіпсіздіктерінің талаптарын қанағаттандыру тиіс

Мұнай және мұнайөнімдерін құю және құйып алу кезінде эстакаданың металлды бөліктегі, құбырлар, қозғалыстағы қауіпсіздік құралдары, резервуарлар, автоцистерналар, телескоптық құбырлар, жән түтіктер және үштықтар жерге түйікталуы тиіс.

1-параграф. Автобензин (МЕМСТ 51105)

272. Бензин – бұл қайнау температурасы 30 °C тан 200 °C дейінгі жеңіл көміртегінің қоспасы. Бензиннің тығыздығы 0,7 г/см³ құрайды.

273. Зерттеу әдісімен анықталған октандық санына байланысты, нақты этильденбензин автокөлік бензиннің келесі маркілері белгіленеді:

- 1) Нормаль-80 – 80- нен кем емес;
- 2) Регуляр-91 – 91 -ден кем емес;
- 3) Регуляр-92 – 92 -ден кем емес;
- 4) Премиум-95 – 95 -тен кем емес;
- 5) Супер-98 – 98 -ден кем емес.

274. Автокөлік бензиннің белгісі сзызықша арқылы түрақты реттікте орналасқан келесі белгілер топтамасын қамтиды.

Бірінші топ: АИ, автомобиль бензиннің белгісі.

Екінші топ: автомобиль бензиннің октандық сандарының цифрлік белгісі (80, 92, 93, 95, 96, 98 және т.б.)

Үшінші топ: К2, К3, К4, К5 белгілері, автомобиль бензиннің экологиялық класс белгісі.

275. Автомобиль бензині қауіптілігі төмен өнім болып табылады және ағзаға қауіптілік ықпал ету деңгейі 4-топқа жатады.

276. Өндіріс ғимаратындағы аудағы бензиннің көмірсутек буының шекті рауалы концентрациясы – 100 мг/м³.

277. Автомобиль бензині тұтандырылған температурасы 255-370 °C өздігінен тезтұтанғыш сұйықтық болып табылады. Сол себепті бензин сақтайтын және қолданатын бөлмелерде ашық отты, электр жабдықтарын, электр жүйесін және жасанды жарық қолдануға тыйым салынған.

Бензинмен жұмыс жасайтын бөлме ортақ ауыспа вентиляцияларымен жақтау тиіс.

278. Ұзақ сақталу процесі кезінде, автомобиль бензиніндегі өзгеріске ұшырауы мүмкін: октандық сандар, фракциялық құрам, шайырдың нақты массалық үлесі, қышқылдық пен индукциялық период қорғасынның массалық

Ү л е с і .

279. Бензиннің индукциялық мерзімін дайындаушы бір тоқсан да бір рет мезгілімен және де тұтынушының сұранысы бойынша тексереді.

280. Дайындаушы автомобиль бензиннің тасымалдау және сақтаудағы шарттарысақталған кезде МЕМСТ мемлекеттік стандартқа сәйкес келетініне кепілдік береді.

281. Автомобиль бензині сақтау мерзімі – дайындалған күннен бастап бір жыл.

282. Мемлекеттік материалдық резервте ұзақ сақтауға арналған автокөлік бензиннің (5 жыл), индукциялық мерзімі 1200 мин. кем болмауы тиіс және спирт және жуғыш қоспалар араласпаған болуы тиіс.

2-параграф. Дизель отыны (МЕМСТ 305)

283. Дизель отыны – дизельді қозғалтқышта отын ретінде қолданылатын сүйиқ өнім. Бұл термин мұнайды тұра өндөуде керосин-газойль фракциясынан алынатын отынды білдіреді. Дизельді отынның негізгі көрсеткіші – бұл цетандық сашаң.

284. Қолдану шартынабайланысты дизель отыны үш маркаға бөлінеді:
Л (жазғы) – қоршаған ауа температурасы 0 °C және одан жоғары болғанда пайдалануға ұсынылады;

З (қысқы) - қоршаған ауа температурасы минус 20 °C және одан жоғары (қату температурасы минус 35 °C жоғары емес) және минус 30 °C-тан және одан жоғары (отынның қату температурасы минус 45 °C жоғары емес) болғанда пайдалануға ұсынылады;

А (арктикалық) - қоршаған ауа температурасы минус 50 °C және одан жоғары болғанда пайдалануға ұсынылады.

285. Күкірті жағынан дизельді отын 2 түрге бөлінеді:
I – күкірттің массалық үлесі 0,2 % - дан артық емес;
II - күкірттің массалық үлесі 0,5 % - дан артық емес (А маркасында 0,4 % - дан артық емес).

286. Шартты көрсеткіште Л маркалы отыннанда күкірттің массалық үлесі және от алу температурасы, З маркалы отыннанда күкірттің массалық үлесі және қату температурасы, А маркалы отыннанда - күкірттің массалық үлесі ені 1 тиіс.

287. Дизельді отынды ұзақ сақтау мерзіміндегі процесте өзгеріске ұшырауы мүмкін: қышқылдығы мен шойырдың тұрақты массалық үлесі. 5 жылдық сақтаудан кейін 100 смі отынға қышқылдықтың 1 мг КОНға және смоланың

тұрақты шоғырлануы 10 мг дейін көтерілуі рұқсат етіледі.

288. Дизельді отын қауіп-қатер деңгейі 4 - топқа жататын азулы заттекке жа та ды .

289. Отынның жұмыс аймағындағы ауада будың шоғырлануының мөлшері 300 мг / мі д е й і н м у м к і н .

290. Жоғарғы сұрыпты Л, З, А маркалы дизельді отындарының сапалық құжаттарында «жоғарғы сұрып» деген белгі болуы тиіс.

291. Дизель отынның сақтау мерзімі – дайындалған күнінен бастап 5 жыл.

3-параграф. Реактивті қозғалтқышқа арналған отын (МЕМСТ 10227)

292. Реактивті отын, авиациялық әуе-реактивті қозғалтқышының негізгі отыны. Гидратазартудан кейінгі, мұнайды тікелей ажырату барысында алынған керосинді франция – ете кең таралған реактивті отын.

293. Керосин, тығыздығы 0,78-0,85 г/смі көмірсутек қосылғылары және жану жылулық көзі 43 МДж/кг. Мұнайды сұзу немесе мұнайөнімдерінің ауыр крекингі арқылы алады. Керосинді реактивті отын, сұйық реактивті отынның жанғыш компоненті, шыныдан немесе форфордан жасалатын заттарды құйдірер кездеғі жанғыш, тұрмыстық жылытқыш және жарық беретін, металлдарды кесетін құралдарда, еріткіш ретінде, мұнайөндегітін өнеркәсіпптерде шикізат ретінде қ о л д а н а д ы .

294. Реактивті қозғалтқышқа арналған отын РТ, ТС-1 және Т-1 отындары үшін 130-280 °C-та, Т-2 отыны үшін 60-280 °C тезжанатын сұйықтық болып табылады; отынның өздігінен жану температурасы РТ, ТС-1 және Т-1 отындарына – 220 °C, Т-2 отыны үшін 230 °C.

295. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды ұзақ сақтау кезінде өзгеріске ұшырайтындар: шойырдың нақты массалық үлесі, қышқылдылығы мен т е р м и я л ы қ т ү ր а қ т ы л ы ғ ы .

296. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын қауіптілігі төмен өнімдерге және 4 дәрежелік топқа жа тады .

297. Өндіріс ғимаратындағы ауадағы отынның көмірсутек буларының шекті рауалы концентрациясы – 300 мг/м3 .

298. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын сақтау бөлмелерінде ашық отты қ о л д а н ү ғ а т ы ғ ы м с а л ы н ғ а н .

299. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын төгілгендер оны жеке ыдысқа бөліп құйып алыптөгілген орынды ыстық сумен жуып, құргақ матамен тазартып алу керек. Ашық жерде төгілген кезде, ол жерді құммен көміп тастанап кейіннен о н ы ж о ю к е р е к .

300. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға арналған жұмыс бөлмесі тартып алатын - шығаратын вентиляциямен қамтамасыз етілуі керек.

301. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отынның тазалығын қамтамасыз ету мақсатында, сүзгі арқылы мұқият тазарту жұмыстарын жүргізеді:

1) егер де алдыңғы жөнелтуден кейін 30 күнен астам уақыт өткен болса, теміржол цистерналарына құбырлардан өнім тотығы түспес үшін құйып жөнелтер алдында 10-15 минут;

2) резервуарда механикалық қоспаның көптеген мөлшерде отынның түбіндегі қабатында болғандықтан, резервуарлардағы «өлі» өнімді тазарту құрылғысы арқылы теміржол цистерналарына немесе басқа резервуарға құйып алар алдында;

3) қабылдау және арту алдында эстакаданың құйып алу-қую құбырларын тазаларап алдында;

4) вакуумды және тазарту ыдыстарындағы отынды сорып алар алдында.

302. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды сақтау мерзімі – дайындалған күнінен бастап 5 жыл.

4-параграф. «И» авиациялық сұйықтығы (МЕМСТ 8313)

303. «И» авиациялық сұйықтығы – бұл төменгі температура болған жағдайда судан мұз кристаллдарының қалыптасуына қарсы бағытталған, су кристаллизациясына қарсы сұйықтық. Қолданар алдында улы заттармен жұмыс жасау кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған дұрыс.

304. «И» сұйықтығы метанол мен этилцеллозольвадан тұратын, қосынды болып шығарылады.

305. Жұмыс аймағында ауадағы этилцеллозольваның шекті рауалы концентрациясы – 10 мг/м³ (қауіпсіздік дәрежесі 3-класс).

306. Сақтау мерзімі шығарылған күнінен бастап 2 жылға дейін.

5-параграф. Мб310В мотор майы (МЕМСТ 10541)

307. Мотор майлары – 165-210 °C шамасында тұтанатын, өздігінен тұтану температурасы 340 °C, жалындаудың жоғарғы шектері 193-225 °C, төменгі 154-187 °C температураны көрсететін поршенді және роторлі іштен жану қозғалтқыштарын тұтқыр майлауға арналған жанғыш сұйықтық, майлар болып табылады.

308. Мотор майларының белгісі бірнеше, соның ішінде ең алғашқы белгі M (моторға) деген әріптен басталатын майдың құрамы мен сапасына байланысты

емес, топтардан тұрады; екіншісі – кинематикалық тұтқырлықты сипаттайтын сандар; үшіншісі – пайдалану қасиеттеріне қарай майлар топтарына жататынын білдіретін бас әріптер.

309. Кинематикалық тұтқырлығына қарай мотор майларын топтарға бөледі. Барлық маусымға арналған топтар (бөлшекпен белгіленеді) үшін қысқы (бөлшектің алымы) және жазғы (бөлшектің бөлімі) топтадын біріне жататындығын көрсетеді.

310. Мотор майлары қолдану саласына қарай мына топтарға бөлінеді: А, Б, В, Г, Д, Е.

311. Бензинді қозғалтқыштарға арналған майларға 1 индексі, дизель отыны үшін 2 индексі белгіленеді.

312. Қазіргі кезеңдегі барлық майлар негізгі майлардан және оның құрамындағы жақсартушықоспалардан тұрады. Мотор майындағы негізгі майлар құрамына қарай синтетикалық, минералды (бензол) және жартылай синтетикалық болып белінеді.

313. Тұтқырлықтың шамасымен май температурасының тәуелділізгеруі бойынша келесі топтарға белінеді:

1) қысқы майлар, төмен температура болған жағдайда қозғалтқыштарды сұық күйінде іске қосуын қамтамасыз ететін тұтқырлығы аз, бірақ жазғы пайдалану кезінде сенімді майлауды қамтамаласыз етпейді;

2) жазғы майлар, үлкен тұтқырлығының арқасында жоғарғы температурада қозғалтқыштың сенімді майлануын қамтамасыз етеді, бірақ қоршаған ортаның ауа температурасы 0 °C тан төмен болған жағдайда қозғалтқыштарды сұық күйінде іске қосуын қамтамасыз етпейді;

3) барлық маусымдық майлар тұтқырлығы қыс мезгіліндегі температурада төмен, жаз мезгілінде жоғарғы болады.

314. Қоспалы мотор майын сақтау кезінде эмульсиялық беліну және құрамындағы сілтілі сандардың төмендеуі, қоспаның гидролитикалық беріктілігінің жетіспеушілігінен сульфатты күл қалуы пайда болуы мүмкін. Сол себепті жылына екі рет көктемгі жазғы және күзгі-қысқы мезгілде барийдің, эмульсиялық белінудің өзгеруін анықтап отыру керек.

315. Резервуар көлемінің 0,3%-і мөлшерінде эмульсиондық белінудің көлемі құралса, онда мотор майы тез арада өзгертуге жатады.

316. Жұмыс аймағында ауада көмірсүтек буыныңшекті рауалы концентрациясы – 300 мг/мі және адам организіміне әсер ету қауіпсіздік дәрежесі 4 топқа жатады.

317. Сақтау мерзімі шығарылған күнінен бастап 5 жылға дейін.

6-параграф. МТ-16П майы (МЕМСТ 6360)

318. МТ-16П майы – жалындау шектері 483К (210 °C) тан төмен емес, өздігінен жану 613К (340 °C) температурасын көрсететін тұтқыр жанғыш сұйықтық болып табылады.

319. Белгілік квалификация жүйесінің негізі қылып кинематикалық тұтқырлықпен мұнайөнімінің пайдалану сипаттамасы алынады.

320. Белгілеу «сызықша» белгісі көмегімен бөлінген, белгілі бір кезекпен орналасқан белгілер топтарынан тұрады.

321. МТ-16П майы - азулы, адам ағзасына қауіп төндірмейді, ауа кеңістігінде және нәріз суында, өзге заттар мен факторлар болғанда токсинді қосылғылар ершүін түзбейді.

322. Өндіріс ғимаратындағы ауада көмірсутек буының шекті рауалы концентрациясы – 300 мг/м³.

323. Сақтау мерзімі шығарылған күнінен бастап 5 жылға дейін.

7-параграф. Гидравликалық майлар (МЕМСТ 18613)

324. Гидравликалық майы көтеруге арналған құралдарда, басқару жүйесінің гидравликалық жетегінде келтіріп және қосымша құрылғыларда қолданады. Бұл май гидравликалық жетектерде жұмыс элементі болып табылады, ол тағы артық жылулықты алады, үйкелетін детальдарды тозудан сақтайды және ластану өнімдерін жояды.

3) барлық кранның боялмаған орындарын кірден және тоттан тазартады, солидол жағады, пергаменттік қағазбен екі қабаттан орап және баумен байлайды;

4) (ҚБҚ) кабинаның есігінің топсасын және құлыштарын, кабинаның люктерін қосалқы аспаптар жәшіктерін қарап шығады, шықкан ақауларды жояды ;

5) жалғау түйіспені сымының ахуалын тексереді; бұзылған оқшаулауды қалпына келтіреді ;

6) кран жарығының барлық аспаптарын, фаралардың және машинистің кабинасының шынысын тексеріп және парафин не пергаменттік қағазды солидолмен жабыстырады, шынылардың резенке күлыштарына сылауды тигізбеуін қадағалау көрек ;

7) тежеуіш шкивтерін кірден, тоттан тазартады және түссіз лакпен бояйды. Кarterін майлаушы материалдардың (маусымдық) тиісті сұрыптарымен механизмдер мен агрегаттар толтырылады. Гидрожүйені маусымға сәйкес жұмыс сұйықтығымен толтырады ;

8) ҚБҚ-ны консервациялайды: солидол жағады, пергаменттік қағазбен орайды, бөлшектің реттік нөмірі бар бирканы іліп, орындарына жинақтайды. Машинистың кабинасының есігін, люк және алдыңғы терезесін, ҚБҚ-ы бар

жәшікті, кранды консервациялағаннан кейін пломбалайды;

9) ашық аланда кранды сақтағанда бұрылатын тұғырды, жебені және машинистің кабинасын (тенттермен) қаптармен жабады. Сақтау кезінде ілмекті шынжыр құрылғыға іледі, жүк арқанын босатып қояды.

766. Қысқы мерзімде сақтаудан кранды алғанда келесі жұмыстарды жасайды:

1) кранды толығымен және шассиді консервациядан алады. ҚБҚ-тың жәшіктерінде, есікті, алдыңғы терезе және люктердің пломбасын алады, ҚБҚ а ш а д ы ;

2) сақтауға қойылған кезде боялмаған жұмыстық емес беттердің солидолданған жерлерін бензинсіз кетіру керек;

3) машинистың кабинасының шыныларынан қағазды алады, құрғақтан сұртеді, сосын барып жанармайда суланғанмен сұртіледі, сосын қайтадан құрғақ шүберекпен сұрту қажет;

4) тежеуіш барабанының бетін бензинмен жуады, сосын құрғақ шүберегімен үйкеп сұрту қажет;

5) ауысым аралық техникалық қызмет көрсетіледі;

6) кранның барлық тетіктер және жиынтық бірліктердің жұмысын бос айналымда, жарық және сигнализацияның аспаптарын тексереді.

767. Ұзақ сақтауға даярлау кезінде кранға қайтадан қызмет көрсетіледі, (маусымдық, мезгілдік егер уақыты келсе) және тағы да қосымша жұмыстар орындалады :

1) аспаларды бұғыттау тетігін талдайды, барлық бөлшектерді кірден және тоттан тазартады, тарту құшін, тетіктерді және кронштейндерді бояйды және өстерге, топсалы ішпектерге солидол жағады, бұғаттау тетігін жинайды;

2) шығыңқы тіректерді илігіп алады, оларды кір және тоттан тазартады, бояйды, өстер және саусақтарға солидол жағады, орнына шығыңқы тіректерді құраады ;

3) гидроцилиндрді кірлерден тазартады, жуып бұлінген бояуларды қалпына келтіреді ;

4) ожан ілмегін және жебені талдайды, кір және тоттан тазартады, бұлінген бояуларды қалпына келтіреді, солидолды ішпектер және оқ жанның өстеріне жағады , оқжанды жинаиды ;

5) телескоптың полиспасын және цилиндрді талдайды, кір және тоттан тазартады, бұлінген бояуларды қалпына келтіреді, солидол жағады; цилиндрді жуып сұйықтық жағады, телескоптың тетігін және жебені жинайды;

6) жебенің басында блоктердің өсін шешіп алады, кір және тоттан тазартады, солидол жағады және қайтадан жинайды;

7) отын жіберу және жұмыс операцияларын басқарудың жетектерін талдайды , кірден тазартады және тоттанған бетіне солидол жағады;

8) кранға орнатылған кестенің кірлерін тазартады, құрғақтап сұртеді (техникалық вазелинмен), сылауды тегіс жағады;

9) жебедегі фараны талдайды, тазартып, солидол жағады және парафинделген қағазбен немесе (немесе шешіп алып, машинистың кабинасында сақталады) матамен о р а л а д ы ;

10) машинистың орындығын шешіп тазалайды, кір және тоттан тазартады және сыртқы түс бояуларын қалпына келтіреді, майлайды сосын жинайды;

11) тежеуіштердің шкивтерінкірден, тоттан тазартады, түссіз лак жағады, қалыптардың таспа мен шкивтер арасына парафинделген қағаз салады.

768. Ұзак мерзімді сақтаудан алу кезінде қысқа мерзімді сақтаудан кранды алғандағы барлық іс-шараларды орындайтын және кезектен тыс техникалық күәләндыруды жүргіздеді .

769. Жынытық бірліктерді бос және жүкпен жүргізу кезінде сапасын тексереді (50 °С-ден аса емес қою сылауға және 80 °С сүйық болғанда) ішпектердің қызыуын қосуларын және тығыздалуарын, сенімділігін, бекіткіштердің шуын және ұрудың бір қалыптылығын, берілістердің ауыстырып қосудың жеңілдігін, құрастырылудың сапасын дұрыстап тексеру қажет.

770. Крандарды жабық үй-жайларда немесе қанқаның астында сақталуы керек. Консервациялау, герметизация және қоймада сақталуын талап ететін құрама бөліктерін шешіп алу жұмыстары міндетті түрде орындалғанынан кейін жабдықталған ашық аланда сақтауға болады.

8-параграф. Жүк автомобилі (МЕМСТ 21398, МЕМСТ Р 52280)

771. Жүк автомобилі – төгілетін материалды және жүкті тасуға арналған.

772. Консервациялау және оларды сақтау алдында жүк автомобиліне техникалық қызмет көрсетілуі тиіс.

773. Жүктерді автомобильмен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары жабық үй-жайларда немесе қалқаның астында сақталады. Консервациялау, герметизация және қоймада сақталуын талап ететін құрама бөліктерін шешіп алу жұмыстары міндетті түрде орындалғанынан кейін жабдықталған ашық аланда сақтауға болады.

774. Автокөлік құралдарын сақтау орындарына қою, автокөлік құралдарының және ғимараттар мен құрылыштардың элементтері арасындағы қашықтық белгіленген талаптарға сәйкес келетіндей және олардың еркін шығуын қамтамасыз ететіндей жүзеге асырылуы тиіс. Сақтау аймағында жөндеу жұмыстары мен автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге, сондай-ақ сұрткіш және пайдаланымдық материалдарды сақтауға рұқсат

ет іл мейді.

775. Ұзак сақтауға (үш айдан артық) қойылған кезде автокөлік құралдары консервациялаудан

әтуі

тиіс.

776. Консервациялау алдында жуу-жинау жұмыстары, және қажет болған жағдайда, автокөлік құралдарын жарамды күйге келтіру үшін ТҚ және ТЖ жұмыстары

орындалады.

777. Консервациялау деп автокөлік құралдарының ұзак уақыт кезеңі ішінде сақталуын және қысқа мерзімде көліктік күйге келтірілу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы дайындалған жағдайларда және осы мақсаттарға бөлінген алаңшаларда ұзак сақтауға дайындау жөніндегі операциялар түсініледі.

778. Алты айға дейінгі мерзімге сақтауға қойылатын автокөлік құралдарына ТҚК бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде мынадай операцияларды орындау

қа же т:

1) салқыннату жүйесіне төменгі температурада қататын сұйықтықты құю (күзгі-қысқы уақыт кезеңінде сақтауға қою кезінде);

2) желдеткіш, генератор және сырымдағыш жетегі белдіктерінің тартылуын босату;

3) тұтандыру оттықтарын бұрап алу және қозғалтқыштың цилиндрлеріне 50-70 см 3-ден май құю, содан кейін иінді білікті 5-6 айналымға бұру және тұтандыру оттықтарын қайта бұрап жабу;

4) сырымдағыштың цилиндрлеріне 20 см 3-ден май құю;

5) электролиттің тығыздығын тексеру және сақтау температурасына сәйкес келетін қажетті деңгейге дейін жеткізу және аккумулятор батареясын толығымен зарядтау. Аккумулятор батареясының минустық клеммасын шанақпен (массамен) қосатын сымды а жырату;

6) коректендіру жүйесі ауа сұзгісінің кіріс келте құбырын және сөндіргіштің шығыс құбырының саңылауын майлы қағазбен тығыздал жабу;

7) қолмен тежегіштің үйкелу түйіндерін майлау;

8) автомобильді, доңғалақтардың жер бетінен көтерілуін қамтамасыз ететін тұғырыққа

қою;

9) кабина мен шанақтың есіктерін, терезелерін және желдеткіш люктерді жабу.

779. Автокөлік құралдарын алты айдан артық мерзімге сақтауға қойған кезде ТҚК операцияларының тізбесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар

енгізіледі:

1) салқыннатқыш сұйықтықты салқыннату жүйесінен ағызып алу (жук автомобильдері мен автобустар үшін) және жүйені таза сумен жуу, ағызу

крандарын

ашық

күйде

қалдыру;

2) отынды отын багынан ағызып алу;

3) аккумулятор батареясын, оны қоймада сақтау үшін автокөлік қуралынан а л у ;

4) шиналарды жарық өткізбейтін материалмен жабу немесе қорғағыш ерітіндісімен өндіеу (ашық алаңдарда сақтау кезінде);

5) женіл автомобилдер мен автобустар шанағының және жүк автомобилдері кабинасының сыртқы бетін балауыз пастасымен, ал сәндік бөлшектердің хромдалған немесе жылтыратылған беттерін бұзылуудан сақтайтын май қ а б а т ы м е н ж а б у .

780. Автокөлік қуралдарын ашық алаңшада сақтаған кезде резенке-техникалық, пластмасса бұйымдардың және лакты-бояулы жамылғысының сақталуын қамтамасыз ету үшін автокөлік қуралын тұра түсетін күн сәулелерінің және жауын-шашынның әсерінен қорғайды (тентпен жабады, уақытша қалқа жасайды).

9-параграф. Вахтапы автомобиль

781. Универсалды герметикалық шанақты автомобиль – құтқарушы бөлімдердің жеке құрамын төтенше жағдайлар болған жерге және адамдарды көшірүгө арналған .

782. Шанақ-салон - қаңқасы оқшауланған темірден, екі қабатты шыныдан және жылтыту кемінде 50 мм, жылтыту-желдеткіш жүйесімен жабдықталған, жүргізушимен сөйлесуге арналған қондырғысы бар.

783. Жүргізушиңің орнын қоса санағанда барлығы 30 адамдық орын бар.

784. Шанақ-салонды жылтыту - қондырғының суыту жүйесінен және автономдық дизель отынан .

785. Автокөлік қуралдарын алты сақтауға қойған кезде мынадай операцияларды орындау қажет:

1) салқыннатқыш сұйықтықты салқыннату жүйесінен ағызып алу (жүк автомобилдері мен автобустар үшін) және жүйені таза сумен жуу, ағызу крандарын ашық қүйде қалдыру;

2) отынды отын багынан ағызып алу;

3) аккумулятор батареясын, оны қоймада сақтау үшін автокөлік қуралынан а л у ;

4) шиналарды жарық өткізбейтін материалмен жабу немесе қорғағыш ерітіндісімен өндіеу (ашық алаңдарда сақтау кезінде);

5) женіл автомобилдер мен автобустар шанағының және жүк автомобилдері кабинасының сыртқы бетін балауыз пастасымен, ал сәндік бөлшектердің хромдалған немесе жылтыратылған беттерін бұзылуудан сақтайтын май қ а б а т ы м е н ж а б у .

786. Автокөлік құралдарын ашық алаңшада сақтаған кезде резенке-техникалық, пластмасса бұйымдардың және лакты-бояулы жамылғысының сақталуын қамтамасыз ету үшін автокөлік құралын тұра түсетін күн сәулелерінің және жауын-шашынның әсерінен қорғайды (тентпен жабады, уақытша қалқа жасайды).

10-параграф. Жүк тасығышы бар трейлер (МЕМСТ 2349, МЕМСТ 12105)

787. Жүк тасығышы бар трейлер - әртүрлі үлкен көлемдегі, оның ішінде габаритсіз автопоезд құрамындағы жүкті тасымалдау үшін.

788. Осы стандарт жүк тасығышы бар трейлерге, жүк тасығышы бар автомобильге, автомобильдік жолдарда қолдануға, және тартпа қондырғылары бар құралдарға орта тарпасы бар және ілінетін орта тарпасы барларға таралады.

789. Арнайы мақсаттағы жол талғамайтын автокөліктегі базасында дайындалған ершікті тартқыштарға жартылай тіркелген, сондай-ақ жартылай тіркеменің белсенді өстерінің жетегі немесе жартылай тіркемеге орналастырылған түрлі механизмдер жетегі үшін, жартылай тіркелу кіндік темірі арқылы қуат беру жүзеге асырылатын автопоездарға стандарт таралмайды.

790. Трейлер - бұл кәдімгі ауылшаруашылық тракторға немесе тартқышқа тіркелетін, гидравликалық жүйесі бар тіркеу. Гидравликалық цилиндрлар арқылы тартқыш қозғалтқышының қуаты есебінен трейлермен бірге қайығы және кильблоктермен бірге көтерілуін және түсірілуін жүзеге асырады.

791. Тіркеу құрылымы қарапайым, (топсалық қосылыштарды жыл сайын майлау керектігін қоспағанда) ешқандай да қызмет етуді және арнайы сақтау жағдайларын іс жүзінде талап етпейді. Қалқан астында ашық ауада сақтауға б о л а д ы .

792. Трейлер жабық үй-жайларда немесе қанқаның астында сақталуы керек. Консервациялау, герметизация және қоймада сақталуын талап ететін құрама бөліктерін шешіп алу жұмыстары міндетті түрде орындалғанынан кейін жабдықталған ашық аланда сақтауға болады.

11-параграф. Жолаушылар автобусы (МЕМСТ 27815)

793. Жолаушылар автобусы – жолаушылар тасымалдауға арналған. Автобуста отыратын орындар, сонымен қатар тұратын жолаушыларға арналған ету жерлері бар. Қорабы – дәнекерленген, тікбұрышты темір корпус, кеңістік рамалы, шанағы шегеленбеген. Рөл басқарудың орналасуы – сол жағында. Қозғалтқыштың орналасуы – артқы .

794. Жолаушыларды тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары жабық үй-жайларда, қалқаның астында немесе ашық алаңшаларда сақталады (көлік жайсыз сақталу).

795. Ауысымараптың уақытта жолаушыларды тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар, сондай-ақ жұмыс сипаты түрақты дайындықты қажет ететін автокөлік құралдары жылтырылатын жабық үй-жайларда сақталуы тиіс.

796. Автокөлік құралдарын сақтау орындарына қою, автокөлік құралдарының және ғимараттар мен құрылыштардың элементтері арасындағы қашықтық белгіленген талаптарға сәйкес келетіндей және олардың еркін шығуын қамтамасыз ететіндей жүзеге асырылуы тиіс. Сақтау аймағында жөндеу жұмыстары мен автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге, сондай-ақ сұрткіш және пайдаланымдық материалдарды сақтауға рұқсат етілмейді.

797. Ұзақ сақтауға (ұш айдан артық) қойылған кезде автокөлік құралдары консервациялаудан өтуі тиіс.

798. Консервациялау алдында жуу-жинау жұмыстары, және қажет болған жағдайда, автокөлік құралдарын жарамды күйге келтіру үшін ТҚ және ТЖ жұмыстары орындалады.

799. Консервациялау деп автокөлік құралдарының ұзақ уақыт кезеңі ішінде сақталуын және қысқа мерзімде көліктік күйге келтірілу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы дайындалған жағдайларда және осы мақсаттарға бөлінген алаңшаларда ұзақ сақтауға дайындау жөніндегі операциялар түсініледі.

800. Алты айға дейінгі мерзімге сақтауға қойылатын автокөлік құралдарына ТҚк бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде мынадай операцияларды орындау қажет:

1) салқыннату жүйесіне төменгі температурада қататын сұйықтықты қую (күзгі-қысқы уақыт кезеңінде сақтауға қою кезінде);

2) желдеткіш, генератор және сығымдағыш жетегі белдіктерінің тартылуын босату;

3) тұтандыру оттықтарын бұрап алу және қозғалтқыштың цилиндрлеріне 50-70 см 3-ден май қую, содан кейін иінді білікті 5-6 айналымға бұру және тұтандыру оттықтарын қайта бұрап жабу;

4) сығымдағыштың цилиндрлеріне 20 см³ -ден май қую;

5) электролиттің тығыздығын тексеру және сақтау температурасына сәйкес келетін қажетті деңгейге дейін жеткізу және аккумулятор батареясын толығымен зарядтау. Аккумулятор батареясының минустық клеммасын шанақпен (массамен) қосатын сымды ажырату;

6) қоректендіру жүйесі аяу сұзгісінің кіріс келтекұбырын және сөндіргіштің

шығыс құбырының саңылауын майлы қағазбен тығыздап жабу;

7) қолмен тежегіштің үйкелу түйіндерін майлау;

8) автомобильді, донғалақтардың жер бетінен көтерілуін қамтамасыз ететін

тұғырыққа қою;

9) кабина мен шанақтың есіктерін, терезелерін және желдеткіш люктерді жабы.

801. Автокөлік құралдарын алты айдан артық мерзімге сақтауға қойған кезде ТҚқ операцияларының тізбесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

1) салқыннатқыш сұйықтықты салқыннату жүйесінен ағызып алу (жүк автомобильдері мен автобустар үшін) және жүйені таза сумен жуу, ағызу крандарын ашық қүйде қалдыру;

2) отынды отын багынан ағызып алу;

3) аккумулятор батареясын, оны қоймада сақтау үшін автокөлік құралынан алыу;

4) шиналарды жарық өткізбейтін материалмен жабу немесе қорғағыш ерітіндісімен өндеу (ашық алаңдарда сақтау кезінде);

5) жеңіл автомобильдер мен автобустар шанағының және жүк автомобильдері кабинасының сыртқы бетін балауыз пастасымен, ал сәндік бөлшектердің хромдалған немесе жылтыратылған беттерін бұзылуудан сақтайтын майқа батымен жабы.

802. Автокөлік құралдарын ашық алаңшада сақтаған кезде резенке-техникалық, пластмасса бұйымдардың және лакты-бояулы жамылғысының сақталуын қамтамасыз ету үшін автокөлік құралын тұра түсетін күн сәулелерінің және жауын-шашынның әсерінен қорғайды (тентпен жабады, уақытша қалқа жасайды).

12-параграф. Автоцистерна (МЕМСТ 9218)

803. Автоцистернатамақ өнімдерін, ауыз суды тасымалдауға арналған. Цистерналар - сыйымдылыққа көрсетілетін үлкен санитарлық-гигиеналық талаптармен ерекшеленеді. Мұндай автоцистернаның сыйымдылықтары тот баспайтын құрыштан немесе алюминий қорытпаларынан жасалуы тиіс.

804. Әр цистернада көрнекі жерінде МЕМСТ 12971 бойынша мыналар жазылған фирмалық кесте болуы тиіс:

1) өндіріп шығарған кәсіпорынның атауы немесе тауар белгісі;

2) цистернаның белгісі;

3) өндіріп шығарған кәсіп орынның нөмірлеу жүйесі бойынша цистернаға

4) шығарылған күні ;

5) техникалық шарты және осы стандарттың белгісі ;

6) тасымалдау шаралары үшін Мемлекеттік тізілімнің белгісі ;

805. Тасымалдау шаралары бойынша бүтін бұйымда фирмалық кестеден өзге таңбасы әр цистернада (секцияда) мыналар жазылған кесте болуы тиіс:

1) толық сыйымдылығы ;

2) мемлекеттің нақты белгісі болуы қажет.

Толық сыйымдылығы мен мемлекеттік texserу таңбасы цистернаның мойнының ішінде қойылуы мүмкін.

806. Texserumen белгіленілген цистерна сыйымдылығы белгісі жазылатын кестені тұсті металдан құйып мойнының оң жағына жақсылап орнату керек. Мемлекеттік таңба және 12 мм-ден кем емес кестенің мөлшері әріптер сиятында болуы керек .

807. Цистернаны көліктің әр түрімен немесе өзінің жүрісімен тасымалдауға болады .

808. Автоцистерна жабық үй-жайларда немесе қанқаның астында сақталуы керек. Консервациялау, герметизация және қоймада сақталуын талап ететін құрама бөліктерін шешіп алу жұмыстары міндепті түрде орындалғанынан кейін жабдықталған ашық аланда сақтауға болады.

13-параграф. Мотопомпа

809. Мотопомпа – қатты және орташа ластанған, таза суды қотаруға арналған. 50 мм дейін мөлшердегі қатты бөлшектермен бөлшектенген және лайланған суды қотаруға қабілетті. Электрооталдырығыш немесе қолдық оталдырығыштың көмегімен жіберіледі .

810. Тасымалдау кезінде климаттық факторлардан механикалық зақымданулардан қорғау және мотопомпа ластанбау үшін ыдысқа салып оралуы керек. Қаптама тасымалдау, тиеу, тұсіру кезінде ыдыста жүктің жылжуын болдырмайдай жасалуы керек .

811. Техникалық және қолдану кезіндегі құжаттама, қосалқы бөлшектер және аспаптар ылғал өткізбейтін пакетке салынуы керек. Пакет буып-түйетін жәшік ішінде салынуы керек .

812. Механикалық зақымданудан және атмосфералық ылғалдан оларды сақтауды қамтамасыз етедіндегі тұтынушының келісімі бойынша мотопомпаны қаптамасыз тасымалдауға рұқсат етіледі .

813. Мотопомпаны және қосалқы бөлшектерді қаптау алдында тазалауы керек. Сорғының ішкі қуысын кептіру керек .

814. Мотопомпаларды ұзақ сақтауды жылтытылатын қойма үй-жайларында 40 °С аспайтын температурада жүзеге асыру керек.

14-параграф. «КАМАЗ» базасындағы «Тазасу-М» жылжымалы құрылғысы

815. Ауыз суын дайындайтын «Тазасу-М» мобиЛЬДІК қондырғысы жылтылған кузов-фургонда орналастырған (жылытқыш 30 мм кем емес), жылтыу дизель отынымен кузов-фургонда қыс уақытында +10°С төмен емес температураны қамтамасыз етеді.

816. Ауыз суын дайындайтын қондырғы кемінде 4 м3/сағ таза су өндіреді.

817. Тазартылған су су көздеріне, шаруашылық ауыз суды қамтамасыз етуге, мәдени-тұрмыста суды пайдалануға және су объектілерінің қауіпсіздігіне санитарлы-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес болуы қажет.

818. Автокөлік құралы («КАМАЗ» базасындағы) ұзақ сақтау кезінде (6 айдан аса) консервациялай қажет.

819. Консервациялау үшін мыналар керек:

- 1) шанақты жуып және құрғақтап сұрту (сыртынан және ішінде);
2) зақымдалған орнын бояумен бояу;

3) бейтарап жағармаймен боялмаған металды түйіндердің және бөлшектердің беттерін жабу;

- 4) үйкелетін беттерінің бәрін майлы жағармаймен сылау;
5) есікті құлапқа жабу.

820. Шина және басқа резенке бөлшектердің күн сәулелерінің тікелей әсерінен сақтау керек.

821. Аккумулятор батареялары мүмкіндігінше салқын үй-жайдада 0 °С жоғары емес және -30 °С төмен емес жерде сақталуы керек. Автокөлікпен бірге және улы химиялық заттар (қышқылдар, сілтілер) сақтауға тыйым салынады.

822. Автокөліктің мостасы түбіне ағаш немесе металдан тіреуішін қойып сонымен, донғалақтар тегіс жерде кемінде 8 см көтеріліп тұру керек. Керек жағдайда, тіреуіштің астына ағаш салу. Рессорларды жүктен босатып, рама және мосталар арасына ағаш тіректер орнату керек.

823. «КамАЗ» базасындағы «Тазасу-М» жылжымалы құрылғысы таза, желдететін, жылтытылмайтын бөлмеде 40-70%-ші мөлшеріндегі салыстырмалы дымқылдылықта сақтау керек.

15-параграф. «ГАЗ» базасындағы «Тазасу-М» жылжымалы құрылғысы

824. Ауыз сүйн дайындайтын «Тазасу-М» мобиЛЬДІК қондырғысы жылытылған кузов-фургонда орналастырған (жылытқыш 30 мм кем емес), жылыту дизель отынымен кузов-фургонда қыс уақытында +10°C төмен емес температураны қамтамасыз етеді.

825. Ауыз сүйн дайындайтын қондырғы кемінде 4 м3/сағ таза су өндіреді.

826. Тазартылған су су көздеріне, шаруашылық ауыз суды қамтамасыз етуге, мәдени-тұрмыста суды пайдалануға және су объектілерінің қауіпсіздігіне санитарлы-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес болуы қажет.

827. Автокөлік құралы («ГАЗ» базасындағы) ұзақ сақтау кезінде (6 айдан аса) консервациялау қажет.

828. Консервациялау үшін мыналар керек:

1) шанақты жуып және құрғактап сұрту (сыртынан және ішінде);

2) зақымдалған орнын бояумен бояу;

3) бейтарап жағармаймен боялмаған металды түйіндердің және бөлшектердің беттерін жабу;

4) үйкелетін беттерінің бәрін майлы жағармаймен сылау;

5) есікті құлышпа жабу.

829. Шина және басқа резенде бөлшектерді құн сәулелерінің тікелей әсерінен сақтау керек.

830. Аккумулятор батареялары мүмкіндігінше салқын үй-жайда 0 °C жоғары емес және -30 °C төмен емес жерде сақталуы керек. Автокөлікпен бірге және улы химиялық заттар (қышқылдар, сілтілер және т.б.) сақтауға тыйым салынады.

831. Автокөліктің мостасы түбіне ағаш немесе металдан тіреуішін қойып сонымен, доңғалақтар тегіс жерде кемінде 8 см көтеріліп тұру керек. Керек жағдайда, тіреуіштің астына ағаш салу. Рессорларды жүктен босатып, рама және мосталар арасына ағаш тіректер орнату керек.

832. «ГАЗ» базасындағы «Тазасу-М» жылжымалы құрылғысы таза, желдететін, жылытылмайтын бөлмеде 40-70%-ші мөлшеріндегі салыстырмалы дымқылдылықта сақтау керек.

15. Тіршілікті қамтамасыз ету құралдары

1-параграф. Даала асханасы

833. Даала асханасы – әр автомобильге сүйреуге арналған бір остик тіркемелі ептілі қозғалмалы ас үй.

834. Даала асханасын сақтауды жүзеге асыру мүмкін болады:

1) жеңіл санаттағы сақтау жағдайына сәйкес келетін, жабық жылытылған

қ о й м а л а р д а ;

2) орта санаттағы сақтау жағдайына сәйкес, жабық жылдытылмайтын
қ о й м а л а р д а ;

3) жабық жылдытылмайтын темір қоймаларда және бастырма астында.

835. Ұзақ мерзімге сақтауға қою алдында дала асханасын консервациялау
қ а ж е т .

836. Қайта консервациялау кезеңділігі сақтау шартының (МЕМСТ 9.014-78)
санаттарына сай болуы керек:

- | | | | | | | | | |
|----|--------|------|-----|-------|-------------|---|---|------|
| 1) | қатал | және | өте | қатал | (К және ΘК) | - | 3 | жыл; |
| 2) | орташа | (О) | - | 6 | жыл; | | | |
| 3) | жеңіл | (Ж) | - | 10 | жыл. | | | |

837. Жасаушы зауыттан асхана консервациядан күйде (К) санатына сәйкес
келуі тиіс және ұзақ сақтауға жарамды болуы тиіс.

2-параграф. 6 м ағаш бағаналар (МЕМСТ 9463)

838. Өндірістік және құрылым салаларында қолдануға арналған қылқан
жапырақ түқымды дөңгелек ағаш материалдары.

839. Дөңгелекағаш материалдары түрлі үлгідегі штабелдерде жиналады:
нығыз, қатарлы, нығыз- қатарлы, қорапты, пакетті. Штабелдердің үлгілері мен
өлшемдері ағаштардың жақсы сақталуын, штабелдік жабдықтың техникалық
мүмкіндігіне, қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз, жинақтау үшін аудан
өлшемін есепке ала отырып таңдалады.

840. Тығыз штабельде ағаш материалдары төсемелерсіз теңделеді. Мұндай
штабель жақсы сыйымдылықпен сипатталады.

841. Қатарлы штабельдерде ағаш материалдарын параллель қатарлармен
теңдейді, араларына екі-үш қатар төсемелер қойылады.

842. Тығыз – қатарлы штабельдерде ағаш материалдары көп қабатты
қатарлармен, жеке- жеке көлденең төсемелермен теңделеді. Ауаның жіті
айналуымен, сыйымдылықта және жұмысты механизациялау мүмкіндігіне
қарасты тығыз- қатарлы штабельдің тығыз және қатарлы штабельдер арасында
а р а л ы қ

м ә н і б а р .

843. Қорапты штабельдерде ағаш материалдары қораптап теңделеді,
бір-бірінен көлденең, көлбеу немесе тік жекеленеді. Штабельдерде қораптарды
қалау және оны тексеру жасанды арқандармен соқпақты крандармен немесе
лебедкалармен

і с к е а с ы р ы л а д ы .

844. Пакетті штабель белгілі бір пішінді және өлшемдерді пакеттерден
таңғышпен байланған, контенерлермен немесе басқа құрылғылармен бекітіліп

қалыптастырылады. Пакеттің қатарлары бір-біріне параллель немесе перпендикуляр болуы мүмкін.

845. Қысқа дөңгелек және былған ағаш материалдары (ұзындығы 2м) томарда немесе үйімдерде, кесілген қалдықтар - үйіндіде, үйімдерде, жаңқа - үйімдерде сақталуы мүмкін.

846. Ағаш материалдарын сақтау – бүлінуінің өндірілгеннен бастап дайын өнімге өндіреуге дейін оның бүлінуінің жарамсыздандыруының алдын алу іс-шаралар жүйесі. Ағаш материалдарының түрі мен мақсатына байланысты түрлі сақтау әдістері қолданылады. Ағаш материалдарын сақтау процесінде құрт-құмырсқалармен, саңырауқұлақтармен бүлінуі және жіктің пайда болуы мүмкін.

847. Сүректің ақаулары қоймада в көктем-жаздың мезгілдерінде қоймаларда ұзақ дұрыс сақтамағандықтан туындаиды.

848. Ағаш материалдарын бірінші жазда сақтау кезінде құрт-құмырсқалар және ағаш саңырауқұлақтары бүлдіруі мүмкін. Саңырауқұлақтар - шіріктің қоздырғыштары сирегірек кездеседі. Қылқан жапырақты тұқымдарынан ағаш саңырауқұлақтардың беріктігі төмен қарағай, самырсын, балқарағай болып табылады. Шырша және(айрықша) сібір самырсыны оларға қарсы төзімдірек. Жапырақты тұқымдар сақтаудың бірінші жазында тек ағашқаралағышпен, сонымен қатар ағаш бұзушы саңырауқұлақтармен, мәрмәр шіріктің қоздырғыштарыменде бүлінеді. Ідыратқыш тамырлы тұқымның (қайынның, шамшаттың, қандағаштың, және өзге көктерегінің) сүрегі күрендену және шіріктерілсепті төзімсіз. Шығыршықтамырлы тұқымдар(шегіршін, емен, ильм, арша) саңырауқұлақ залалына өте төзімді болады. Қоймаларда құрт-құмырсқалар жапырақты тұқымның сүрегін қылқан жапырақтыларға қаралада аз бүлдіреді.

849. Бұзылудың негізгі түрлері құрт-құмырсқамен құрт жеген, саңырауқұлақшалармен(күрендену және шіріктер), физика-химиялық үдерістермен(болуы), кебуден(кесік және бүйір жіктер) жарықшақтан болады.

850. Бұзылудың әр түрінің сүректің сапасына ықпалы әртүрлі. Оның мөлшері ағаш өніміне тиісті стандарттармен анықталады. Ағаш материалдарын сақтау және қорғау сортименттің әр түрінің пайдалану мақсатын, құрылышта және өнеркәсіпте пайдалану есепке ала отырып жүзеге асырылады.

3-параграф. Брезент мата (МЕМСТ 15530)

851. Осы стандарт зығыры және жартылай зығырлы, арнайы киімдерді дайындауға, қолды қорғайтын және техникалық мақсаттан бұйымдарға

сақталуына арналған парусина мен екі жіпті матаға тарайды.

852. Маталар осы стандарттың талабына қажет, техникалық құжаттамаларына және технологиялық режимдерге сай дайындалуы, белгіленген бекітілген тәртіпте дайындалуы қажет.

853. Маталар пішінге белгіленген тәртіпте бекітілген үлгілерге-эталондарға сәйкес болуы керек.

854. Брезент мата жабық, желдетілетін бөлмеде жылыту аспаптарынан 1 м қашықтықта сақталу керек.

4-параграф. Жылытуға арналған пеш (МЕМСТ 9817)

855. Жылытуға арналған пеш (буржуйка) – бұл ағаш отынын немесе басқа қатты отын (көмір жағатын), су қайнатуға, ас өзірлеуге, бөлмені жылытуға арналған шағын темір ошак.

856. Буржуйка пеші шойыннан немесе болаттан жасалады.

857. Буржуйка пешінің салмағы оның габаритінен және материалына байланысты 5-тен 130 кг-ға дейін. Ең жеңілі болаттан, ауыры шойыннан жасалады.

858. Осы стандарт қатты отын жағатын су контурымен номиналды жылыту қуаты 70 кВт дейін ас өзірлеуге, жылы сумен қамтамасыз етуге, жылытуға арналған тұрмыстық аппараттарға тарайды.

859. МЕМСТ 15150 бойынша сақтау шарттарын белгілеу кезінде нормативтік құжаттарда бұйымдарға келесі талаптарды ескереді:

860. Барлық аппарат МЕМСТ 8828 бойынша қағазбен немесе аппараттың сақталуын қамтамасыз ететін басқа қағазбен оралу керек, кендірмен байланған және МЕМСТ 12082 сәйкес бекітілген белгіленген тәртіпте жұмыс сызбасымен техникалық шарттарға сәйкес дайындалады.

861. Алынғалы бөлшектер МЕМСТ 8828 бойынша қағазбен оралған, кендірмен байланған жану камерасына қойылуы керек.

862. Буржуйка пешінің қолданылу мерзімі шексіз.

5-параграф. 4 және 10 кВт электростанциялар (МЕМСТ 21671)

863. Осы стандарт жылжымалы бензин электрагрегаттарға (соның ішінде бірге қаланатын) және қуаттылығы 0,5 тен 30 кВт дейін электростанцияларына қолданылады (бұдан әрі – электрагрегаттар мен электростанциялар).

864. Электроагрегаттың және электростанцияның конструкциясында элементтің басқару және қолданыс кезінде қызмет жасау қол жетімді мүмкіндігі

булу керек, элементтерге, реттеуді және тексеруді талап ететін, сонымен қатар монтаждауға ыңғайлы болу керек.

865. Электроагрегаттар және электростанция конструкциясында көтеретін тасымалдайтын құрылғылармен жылжыту мүмкіндігі қарастырылған болу керек.

866. Бір электрагрегатты немесе электростанцияның жиынтығын жеткізіп беруге мыналар кіруі керек:

1) электрагрегаттар (электростанциялар);

2) жеке жиынтық ЗИП (ЗИП-О);

3) пайдалану құжаттамасы – МЕМСТ 2.601-68.

867. Косымша жиынтықты (металжеңшелер, шанц аспабы, ауртпашилықты қосуы үшін кәбілдер, арнаулы жабдықтың жинақталыммен құралдар және электростанцияның мақсатынан тәуелділігі) және қолданыс құжаттамасының нақты үлгінің электростанциясіне нұсқайды.

868. Жеке тапсырыспен қойылатын, ЗИП (ЗИП-Г) электроагрегаттар және электростанциялар жиынтығын жеткізу тобына кіруі тиіс:

1) ЗИП Г5 – бес электроагрегаттар және электростанцияларға;

2) ЗИП-Г10 – он электроагрегаттар және электростанцияларға.

869. Электроагрегаттар және электростанциялардың сәйкестігін осы талапқа тексеруге келесі санаттағы сынақтар тағайындалады:

1) қабылдау-тапсыру;

2) мерзімді;

3) жиынтық;

4) сынақтар сенімділігіне.

870. Сынаққа және қабылдауға ұсынылған электроагрегаттар және электростанциялар толығымен жасақталған болу керек.

871. Сынаққа және қабылдауға ұсынылған электроагрегаттар және электростанциялар, жартылай жасақталған болуы мүмкін.

872. Электроагрегаттың және электростанцияның гарантиялы пайдаланымы қуаттылығы 0,5 кВт, 600сағ кем емес, 1 кВт және кемінде 1200 сағ шегінде кепілді пайдалану мерзімі. Бұл ретте кепілді пайдалану әлектр бөлікте кемінде:

1) 3000 сағ - электроагрегаттар және электростанциялар қуаттылығы 1 кВт косымша;

2) 5000 сағ - электроагрегаттар және электростанциялар қуаттылығы 1 кВт жоғары.

873. Электростанциялар жабық, құрғақ, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтап, атмосфералық жауын-шашын және топырақ ылғалдылығын болдырмайтын желдетілетін қойма бөлмелерінде сақталуы қажет.

6-параграф. 100-200 кВт электростанциялар (МЕМСТ 23162)

874. Электростанция - осы стандарт іштен жану қозғалтқышты электрагрегаттар және жылжымалы электростанцияларға тарайды, сонымен қатар, қуаттылығы 500 кВт дейін газ турбинасымен және олардың шартты белгілерін тағайындаиды.

875. Стандарт дизель-генераторларға және дизель-генератор қондырғыларға тарамайды.

876. Иштен жану қозғалтқыштың түріне:

- 1) бензин (карбюраторлы);
- 2) дизель;
- 3) газтурбиналы;
- 4) газпоршеньді;

877. Қозғалышықтың дәрежесі бойынша:

- 1) жылжымалы электрагрегаттар;
- 2) стационарлық электрагрегаттар;
- 3) кіріктірілген электрагрегаттар;
- 4) жылжымалы электростанциялар;
- 5) ауыспалы электростанциялар;
- 6) блокты тасымалдайтын электростанциялар.

878. Токтың нысанына қарай:

- 1) тұрақты, айнымалы бірфазалы;
- 2) айнымалы үшфазалы.

879. Көлік құралының түріне қарай:

- 1) автомобильде;
- 2) тіркемеде;
- 3) темір жол тұғырнамада(вагонда);
- 4) арнайы көлікте.

880. Стандарт кемелердің, дәнекерлегіш, тепловоздың электрагрегаттарын, ұшатын аппараттардың және энергопоездың электр агрегаттарына тарамайды.

881. Электростанциялар жабық, құрғақ, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтап, атмосфералық жауын-шашын және топырақ ылғалдылығын болдырмайтын желдетілетін қойма бөлмелерінде сақталуы қажет.

7-параграф. Автомобилдік наубайхана блогі

882. Техникаларды сақтау (нан пісіру және тамақ дайындау бойынша) шара комплексін енгізеді, тот басудан, басқа бұзушылық жағдайдан және

деформациядан сақтауды қамтамасыз етуін, техникалық дұрыстық және даярлық мақсатқа сай пайдалануға болуын үнемі қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенінен

кұралады.

883. Оларға мынадай шаралар жатады:

- 1) тазарту, техниканы жуу, ТК (техникалық күту) және консервация;
- 2) техниканы сақтау орнына қондыру;
- 3) техниканы сақтау процесінде қарау, сақтау мезімі шектеулі жекелеген агрегаттарды алмастыру және жаңарту;
- 4) сақтау процесінде ТК;
- 5) техниканы мақсатқа сай пайдалануға дайындау.

884. Техниканы коррозия тудыратын химикаттарға (қышқылдар сілтілер, органикалық еріткіштерге) жақын жерде сақтауға тыйым салынады.

885. Техниканы сақтауды мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) сақтау жағдайының жеңіл санатына сәйкес келетін жабық жылтылатын қоймаларда (Ж - ММСТ 15150-69);
- 2) сақтау жағдайының орташа санатына сәйкес келетін жабық жылтытылмайтын үй-жайларда (О);
- 3) сақтау жағдайының қатаң (Қ) санатына және өте қатаң (ӨҚ) санатына сәйкес келетін жабық темір қоймаларда және бастырма астында.

886. Сақтау мерзімі:

- 1) қатаң және өте қатаң (Қ және ӨҚ) 3 жыл;
- 2) орташа (О) 5 жыл;
- 3) жеңіл (Ж) 10 жыл.

887. 1 айдан жоғары сақтауга қойылған (2 апталық негізгі климаттық жағдайда) техника тиісінше түрде консервациялануы керек.

888. Өндірушіден түсетін техника, әдепте, консервацияланып және толығымен ұзак сақтауға дайын болуы керек. Бұл мезетте келесі операцияларды орындау керек (жылтыту жабдығы):

- 1) қазандықты күйеден тазарту, оттықты, сужылыштың және газ жүру блокжолын, түтін құбырын және дефлекторды;
- 2) пісіру шкафын кірден тазарту, қазандықтың ішкі беттерін, крандарды, блоктың сыртқы беттерін, қазандық жапқыштарын, бу шығарушы клапандарды, бу бұрмаларын жуып және кептіру керек;
- 3) қазандық жапқышының нығыздығыштың резенке төсемелерін шешу, жуу, кептіру, талькпен сұртіп және орнына орнату;
- 4) пісіру шкафың ішкі беттерінежәне табаларға ММСТ 190-78 олифасы жүқа етіп жағу;
- 5) қазандықтың ішкі беттеріне, жапқышына ММСТ 3164-78 вазелин майын жұқалап жағу;

6) бу шығарғыш клапандарын және бұрғыш құтысымын вазелин майын
жұқа етіп жағу;

7) оттықты, отты корапты, күлсалғыш қорапты ТУ 6-10-1302-72 күмісті ПФ-
837 алюминиді эмальмен сырлау;

8) блоктың сыртқы беттерін, су бу бұрмаларын, түтін құбыр беттерін, су
қайнатқышты ММСТ 1642-75 ұршық майын жұқа қабатымен жағу;

9) тиектің бұрандалу құралымдарына және т.б. вазелин майының жұқа
қабатымен жағу;

10) төккіш шүмектерді бөлшектеу, вазелин майымен майлап, жинау.

889. Ұзак мерзімде сақтауда автомобилдер мен тіркемелеррессорға салмақ
түсбеу үшін тірегіштерге (тіректерге) қойылады.

890. Шиналар шығарылған күннен бастап 6 жылдан соң жаңартуға жатады.

891. Палаткаларды оралған күйде сақтауга болады, жинақталуын және
сапасын алдынала тексеріп алған жағдайда.

892. Рамалар кассеталары тек қана тік қойылуы керек.

8-параграф. Шойын радиатор - жылытық аспап (ММСТ 31311)

893. Жылытық аспап (шойын радиатор) – қоршаған ортаға жылу көзінен
келетін жылу бергіштен (су, бу) жылуды беру арқылы бөлмені жылытатын
курығы.

894. Осы стандарт жылыту аспаптарына түрлі нысандағы ғимараттар мен
имараттарды су мен жылынуы жүйесінде қолдануға арналған - радиаторларға
және конвекторларға тарайды.

895. Жылыту аспаптары келесі түрлерден жасалады: болат, шойын,
алюминий және биметалдар секциялы радиаторлары, арналы радиаторлары,
құбырлы жылыту аспаптары (орамал кептіргіштер) және конвекторлар.

896. Жылыту аспаптарында келесі таңбалау болу керек:

- 1) шығарушының атауы немесе оның сауда маркасы;
- 2) шығарушының құжатына сәйкес жылыту аспабының үлгісі.

897. Радиатордың секциясыны бүйір бетінде атауы немесе сауда белгісі және
шығарылған жылының екі соңғы саны көрсетілген болуы керек.

898. Жылыту аспаптарын оралған күйінде жабық бөлмеде немесе бастырма
астында сақтау керек, осыған байланысты, бұл ретте оларды ылғалдың және
тұдыратын коррозияны химиялық заттардың әсерінен, әсерінен қорғауды
қамтамасыз ету керек.

899. Ашық аландарда, атмосфералық жауын-шашыннан сақталған, оралған
жылыту аспаптарын 10 тәулік дейін сақтауға рұқсат беріледі.

9-параграф. Май құятын электрлі радиатор (МЕМСТ 15150)

900. Май құятын электрлі радиатор – жақсы жылу изоляциясы бар түрғын үйлерді қосымша жылдыту үшін қолданылатын майтолтырылған электрлі радиатор, 7 және одан да көп секциялы, күйік иісін шығармайды, шанды көтермейді, оттегіні күйдірмейді. Орташа температурасы 85–95°C-ті құрайды, ал максималды 100–110 °C-тан жоғары емес.

901. Электрлік радиаторлар мекемелердегі ауа температурасын автоматты түрде ұстап тұратын қызуды реттегішпен және екі немесе үш сатылы жылдыту үшін қуат реттегішпен жабдықталады.

902. Олар қосқаннан кейінгі 25-35 минуттан кейін қыза бастайды.

903. Май радиаторының қуаты 0,5-1,5 кВт-ты құрайды. Ұзак жұмыс уақытына есептелген – бірнеше тәулік бойына ұдайы ұзбестен қолдануға болады.

904. Май құятын электрлі радиатор жабық, құрғақ, Өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтап, атмосфералық жауын-шашын және топырақ ылғалдылығын болдырмайтын желдетілетін қойма бөлмелерінде сақталуы қажет.

10-параграф. Жылудың зеңбірегі

905. ЭЖҚ жылдыту желдеткіші ішінде трубалы тоқ жылдытқыш орнатылған корпустан турады. Жұмыс барысында ауа ағыны жылу вентиляторының ішкі қусы арқылы өтеді және белгілі температураға дейін қызады.

906. КЭЖ-5 жылдыту желдеткіші қоректендіру кәбілімен шанышқысын жүйеге қосу үшін жасақталады, сол себептен шанышқыны (тоқ күшіне 25 А кем емес өлшеулі) монтаждауды тұтынушы әрі орындауды керек.

907. КЭЖ-10 және КЭЖ-15 жылдыту желдеткіші қоректендіру кәбілімен жасақталмайды, сол себепті монтаж тұтынушының барлық электр қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып орындалады.

908. Жылдыту желдеткіші температура реттегішпен жасақталған, ол жылдытылатын үй-жайдағы ауаның қызыын берілген температурада автоматты түрде және қосу түймесі аспаптың жоғарғы жапқышына шығарылған апattyң биметалды, термостат арқылы қалыпты ұстауға болады. Термостат іске қосылған кезде қуат алу кәбілін ажырату керек, желдеткіштің толықтай суығанын күту керек, қызудың себебін дұрыстау және қосқыш түймесін басып, аспапты жұмыс жағдайына келтіруде керек.

909. Жасаушы-кәсіпорын тұтынушылық қасиетін нашарлатпайтын жағдайда, жылдыту желдеткіші конструкциясы мен электр схемасына өзгеріс енгізе алады.

910. Жылдыту желдеткіші үй-жайларда (көлемдерде) микроклиматтық

жағдайлары жасанды реттететін болмағандықта әсердің ауда атмосфералық жауын-шашын әсері, құм және тозаң да және ылғалдың көтеріңкі конденсациясы жоқ жағдайларда пайдалануға арналған.

911. Жылыту желдеткіші жабық үй-жайларда, механикалық жағдай немесе ылғалдылық болмаған жағдайда сақталуы тиіс. Штабелдеудің биіктігі жылыту желдеткішінің орауышында көрсетілген.

11-параграф. Вахталық – контейнер (МЕМСТ 22853)

912. Вахталық-контейнер (вагон-үй) – жылжымалы ғимарат, трактор тізбектерінің шассиінен немесе шанадан құрастырылған, электрлік жарықтандыру жүйесімен, жылыштықпен, желдетумен және қажетті жиһаздармен жабдықталған, -60 және +45С ая температурасында тәулік бойы пайдаланылады.

913. Ғимараттарды, оның конструктивті элементтері мен пакеттерін сақтау қолдану нұсқаулығы мен паспортына сәйкес орындалуы керек.

914. Ғимаратты сақтауға қойған кезде төмендегі операциялар орындалуы к е р е к :

- 1) контейнерлі үлгідегі ғимараттың жүру бөлігі жүктемеден босатылды;
- 2) блок-контейнері қисаюсьыз сүеуді қамтамасыз ететін тұғырға қойылады;
- 3) есіктер, терезе және басқа да ойықтар жабылады және блок-контейнері ішіне бөгделердің кіруінен қорғалады;
- 4) жылу жүйесінен және сумен жабдықтау төгіледі;

915. Ғимарат, оның конструктивті элементтері және пакеттер аландарда көлбеу тұғырлар қолданумен еріген қар сулары мен жауын суларынан сақтауды қамтамасыз ететіндей, Өрт қауіпсіздігі ережесін қанағаттандыратын жағдайда сақтауы тиіс.

916. Контейнерлік ғимарат, жиналмалы жазылмалы ғимараттың конструктивті элементтері және пакеттері сақтау кезінде климаттық әсерден, ластанудан, бұзылудан қорғалған болуы керек.

917. Ғимарат, оның конструктивті элементтері және пакеттер өлшемі 500м² аспайтын алаңшықтарда сақталуы керек. Сақтау үшін жеке аландар арасы 24 м к е м б о л м а у к е р е к .

918. Сақтау кезінде (тасымалдауда және монтаждауда) жиналмалы-жазылмалы ғимараттың қоршаушы конструкциясының жылыштықшыны дымқылданудан қорғалған болуы керек.

919. Пайдалануши ұйымдар пайдалану жөніндегі нұсқаулық құрамындағы ғимарат сақталуы туралы мәліметті формулярга жазуы керек, онда инвентарлық

нөмір жиынтықтылығы, ғимаратты сақтаға қою және сақтаудан алу мерзімі
көрсетіледі.

920. Ғимараттың техникалық жай-күйін және бұзылмаушылығын тексеру
қысқа мерзімді сақтау кезінде айна бір рет және ұзақ мерзімді сақтау кезінде 3
айдасы бір рет орындалуы тиіс.

921. Вахталық-контейнер жабық үй-жайларда немесе қанқаның астында
сақталуы керек. Консервациялау, герметизация және қоймада сақталуын талап
ететін құрама бөліктерін шешіп алу жұмыстары міндепті түрде орындалғанынан
кейін жабдықталған ашық аланда сақтауға болады.

12-параграф. Тіркеме базасындағы вахтовка (МЕМСТ 22853)

922. Тіркеме базасындағы вахтовка (вагон-үй)- уақытша тұру үшін арналған,
трактор тізбектерінің шассиінен немесе шанадан құрастырылған, электрлік
жарықтандыру жүйесімен, жылыштықпен, желдетумен және қажетті жиназдармен
жабдықталған, -60 және +45С аяқ температурасында тәулік бойы пайдаланылады

923. Ғимараттарды, оның конструктивті элементтері мен пакеттерін сақтау
қолдану нұсқаулығы мен паспортына сәйкес орындалуы керек.

924. Ғимаратты сақтауға қойған кезде төмендегі операциялар орындалуы
ке^рек:

- 1) контейнерлі үлгідегі ғимараттың жүру бөлігі жүктемеден босатылды;
- 2) блок-контейнері қисаусыз сүеуді қамтамасыз ететін тұғырға қойылады;
- 3) есіктер, терезе және басқа да ойықтар жабылады және блок-контейнері
ішіне бөгделердің кіруінен қорғалады;
- 4) жылу жүйесінен және сумен жабдықтау төгіледі;

925. Ғимарат, оның конструктивті элементтері және пакеттер аландарда
көлбеу тұғырлар қолданумен еріген қар сулары мен жауын суларынан сақтауды
қамтамасыз ететіндей, Өрт қауіпсіздігі ережесін қанағаттандыратын жағдайда
сақталуы тиіс.

926. Контейнерлік ғимарат, жиналмалы жазылмалы ғимараттың
конструктивті элементтері және пакеттері сақтау кезінде климаттық әсерден,
ластанудан, бұзылудан қорғалған болуы керек.

927. Ғимарат, оның конструктивті элементтері және пакеттер өлшемі 500м²
аспайтын алаңшықтарда сақталуы керек. Сақтау үшін жеке аландар арасы 24 м
ке^м болмау ке^рек.

928. Сақтау кезінде (тасымалдауда және монтаждауда)
жиналмалы-жазылмалы ғимараттың қоршаушы конструкциясының

жылжылтышын дымқылданудан қорғалған болуы керек.

929. Ғимарат, оның сыйндарлы элементтері және пакеттері, тасымалдау немесе түсіру кезінде жарақат алған болса, олардың қолданысқа жарамдылығы туралы шешім қабылдағанға дейін жеке сақталуы керек.

930. Ғимараттың техникалық жай-күйін және бұзылмаушылығын тексеру қысқа мерзімді сақтау кезінде айна бір рет және ұзақ мерзімді сақтау кезінде 3 ай да бір рет орындалуы тиіс.

931. Тіркеме базасындағы вахтовка жабық үй-жайларда немесе қанқаның астында сақталуы керек. Консервациялау, герметизация және қоймада сақталуын талап ететін құрама бөліктерін шешіп алу жұмыстары міндепті түрде орындалғанынан кейін жабдықталған ашық аланда сақтауға болады.